

"Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытушың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы және "Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы № 874 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 шілдедегі № 445 қаулысы

**Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытушың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы № 874 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан

Республикасының

*Премьер-Министрі*

К.Мәсімов

**«Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытушың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы № 874 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы**

### ҚАУЛЫ

### Е Т Е М И Н :

1. «Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытушың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы № 874 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 49-50, 501-күжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:  
жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасын

индустриялық-инновациялық дамытуудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев

Астана,

Ақорда,

2016

жылғы

№

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2016

жылғы

«

»

№ Жарлығына

ҚОСЫМША

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2014

жылғы

1

тамыздарғы

№

874

Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

## Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытуудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Мазмұны

1. Бағдарламаның паспорты

2. Кіріспе

3. Ағымдағы жағдайды талдау

4. Бағдарламаны іске асыру мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және нәтижелерінің көрсеткіштері

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары, қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар

6. Қажетті ресурстар

1. Бағдарламаның паспорты

Атауы

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытуудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Мемлекет басшысының «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа

саяси бағыты» атты 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы.

Мемлекет басшысының «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мұдде, бір болашак» атты

2014 жылғы 17 қантардағы Қазақстан халқына Жолдауы.

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің XXVI

пленарлық отырысында Мемлекет басшысы берген тапсырма.

Әзірлеуге жауапты

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі

Мақсаты	Жаһандық салалық және технологиялық трендтерді ескере отырып, еңбек өнімділігін арттыруға және өндөлген тауарлар экспортының көлемін ұлғайтуға бағытталған өңдеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін екпінді ынталандыруға көшу дәстүрлі секторлардағы кәсіпорындарды жаңғырту есебінен тиімді базалық индустрияның үрдісінде көрсеткіштерге қарастырылады ;
Міндеттер	сала түзуші ірі жобаларды іске асыру арқылы индустриялық өсудің жаңа нүктелерін анықтауда ;
Іске асыру мерзімі	экспортқа және/немесе өз енбегінің өнімділігін үнемі арттыруға бағдарланған тиімділігі жоғары индустриялық кәсіпкерліктиң пайда болуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету; инновациялық белсенді бизнестің сырдарлы мөлшерінің пайда болуы үшін алғышарттар жасау.
Нысаналы индикаторлар	2015 – 2019 жылдар
Каржыландыру көздері мен көлемі	2019 жылға қарай мынадай экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізу: өңдеуші өнеркәсіп өнімі экспортының құндық көлемінің 2015 жылғы деңгейге қарағанда 19 % -ға дейінгі өсүі ; өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігінің 2015 жылғы деңгейге қарағанда нақты мәнде 22 % -ға дейінгі өсүі ; өңдеуші өнеркәсіптегі негізгі капиталына инвестициялар көлемі 4,5 трлн. теңге сомасында; өңдеуші өнеркәсіптегі энергия сыйымдылығының 2014 жылғы деңгейге қарағанда кемінде 7 %-ға төмендеуі.
	Бағдарламаны 2015 – 2019 жылдары іске асыруға республикалық бюджетте көзделген жалпы шығыстар 878,3 млрд. теңгені құрайды, оның ішінде:
	2015 жылы – 134,98 млрд. теңге
	2016 жылы – 177,42 млрд. теңге *
	2017 жылы – 359,31 млрд. теңге *
	2018 жылы – 178,73 млрд. теңге *
	2019 жылы – 27,86 млрд. теңге *
	Ескерте * сомалар тиісті қаржы жылына арналған мемлекеттік бюджетке сәйкес нақтыланатын болады

## 2 . Кіріспе

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Қазақстан-2050» стратегиясының ұзақ мерзімді басымдықтарына, Қазақстанның әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамаға сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жаңындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің XXVI пленарлық отырысында Мемлекет басшысы берген тапсырманы орындау үшін және Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» атты 2014 жылғы 17 қантардағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде әзірленді.

Өңдеуші өнеркәсіптің әлемдік экспортындағы Қазақстан Республикасының үлесін ұлғайту және барлық факторлардың өнімділігінде дамыған елдерден алшақтықты қысқарту арқылы 2035 жылға қарай өңдеуші өнеркәсіпте Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (бұдан әрі – ЭЫДҰ) ең дамыған елдерінің бәсекеге қабілеттілігінің орташа деңгейіне қол жеткізу индустрияландыру саясатының пайымы болып табылады. 2010 – 2014 жылдары Қазақстан Республикасын үдемелі

индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама (бұдан әрі – ҮИИДМБ) шеңберінде бірінші кезең іске асырылды, онда индустриялық даму үшін заңнамалық, инфрақұрылымдық және институционалдық негіздер қаланды.

Ағымдағы Бағдарлама ҮИИДМБ-ның қысынды жалғасы болып табылады және оны іске асыру тәжірибесін ескереді. Бағдарлама Қазақстанның экономикалық саясатының бір бөлігі болып табылады және өндеуші өнеркәсіпті тиімді дамыту үшін жағдайлар жа с а у ғ а

б а ғ ы т т а л ғ а н .

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде заңнаманы жетілдіру қамтамасыз етіледі: Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі, «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне, «Ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық қызметті коммерцияландыру туралы», арнайы экономикалық аймақтың (бұдан әрі – АЭА) бүкіл әрекет ету кезеңіне АЭА қатысушылары үшін тұрақтылық және преференциялар мен салықтық жеңілдіктердің сақталуына кепілдіктер қамтамасыз етілетін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық аймақтарды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарға, түзетулер енгізіледі, энергияны үнемдеу бойынша заңнамалық шектеулер мен н о р м а т и в т е р

ж е т і л д і р і л е д і .

Бағдарлама бизнес ахуалға ықпал ететін мемлекеттік саясат аспектілеріне өте тәуелді болып табылады. Бағдарламаның сәтті болуы Қазақстан Республикасының бизнесті жүргізу шарттарын жақсарту (Doing business), елдің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату (Global Competitiveness Index), «сары парактар қағидатын» (Yellow Pages) ескере отырып, жоспарланған жекешелендіруді жүргізу арқылы экономикаға мемлекеттің қатысу үлесін төмендету, Қазақстанның тікелей шетелдік инвестицияларға (бұдан әрі – ТШИ) сенім индексіне және ЭЫДҰ Инвестициялар комитетіне кіруі (FDI Confidence Index), адами капитал индикаторларын жақсарту бойынша алға қойылған міндеттерге қол жеткізуіне байланысты болмақ. Бағдарламаны іске асырудың тиімділігі қаржыландыру моделіне, оны іске асыруға бюджет қаражатын бөлудің толықтығы мен уақтылығына, сондай-ақ ведомствоаралық өзара іс-қимылға тәуелді.

Тұастай алғанда, Бағдарламаны табысты іске асыру үшін ауыл шаруашылығын, жер қойнауын пайдалануды, ақпараттық-коммуникациялық, ғарыштық, көліктік және өзге инфрақұрылымды, білім беруді қоса алғанда, көрсетілетін қызметтерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың (қолданыстағы және жаңадан қабылданған) оның түйінді қағидаттарына қайшы келмеуі және макроэкономикалық тұрақтылық шараларының қамтамасыз етілуі қажет.

3 .      А ғ ы м д а ғ ы      ж а ғ д а й д ы      т а л д а у

3.1. Қазақстан Республикасында индустриялық дамудың ағымдағы жағдайын т а л д а у

«Индустрияландыру» термині ретінде өндеуші өнеркәсіптің өзін дамытуға көшуге,

оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған құқықтық, экономикалық, үйымдастырушылық және өзге де шаралар кешеніне байланысты дәстүрлі ұғым қолданылады.

Тау-кен өндіру секторына жоғары құбылмалылық тән екенін ескере отырып, экономиканың басқа секторларын – ауыл шаруашылығын, көрсетілетін қызметтерді, өндіуші өнеркәсіпті жедел дамыту қажет.

Өндіуші өнеркәсіп орта таптың қалыптасуына көбірек ықпал етуде. Айталақ, Ақпараттық технологиялар және инновациялар қорының (АҚШ) деректері бойынша өндіуші өнеркәсіпте 1 жұмыс орнын құру басқа секторларда 2-ден 5-ке дейін қосымша жұмыс орындарын құруға экеледі, технологиялардың дамуы жұмысшылардың білімі мен дағдыларын арттыруға алып келеді; АҚШ-та өндіуші өнеркәсіптегі жалақы деңгейі экономиканың басқа секторларына қарағанда орта есеппен 9 %-ға жоғары; өндіуші өнеркәсіп секторлары экономикадағы негұрлым инновациялы секторлар – АҚШ-та бұл секторға ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың (бұдан әрі – F3TKЖ) 70 %-ы тиесілі; өндіуші өнеркәсіп пен көрсетілетін қызметтер секторының жай-куйі өзара тәуелді (мысалы, ақпараттық-коммуникациялық технологияларға (бұдан әрі – АКТ) негізделетін көрсетілетін қызметтер өндіуші өнеркәсіп тауарларына өте тәуелді).

2015 жылы Қазақстан экономикасының құрылымында өнеркәсіп шамамен 25 %-ды иеленетін болады, бұл ретте көрсетілетін қызметтер секторының озыңдық өсуі салдарынан оның үлесі қазірдің өзінде біртіндеп төмендеп бара жатыр: 2012 жылы – 29,2 %, 2013 жылы – 27 %, 2014 жылы – 26,6 %. Үқас процестер дамыған, сол сияқты дамушы елдердің көбінде байқалады. Дегенмен, көрсетілетін қызметтердің экспорттағы үлесі мардымсыз, сондықтан таяудағы болашақта экспорттың жалпы өсуіне көп ықпал ете алмайды. Сондықтан бүгінгі жағдайда мұнай емес экспорт, негізінен, өндіуші сектор тауарларының есебінен өсуі мүмкін. 2015 жылы экспорттың жалпы көлеміндегі өндіуші өнеркәсіптің үлесі шамамен 30 %-ды құрайды.

Тау-кен өндіру секторы жұмыспен қамтудың 3,5 %-ын (2012 жылы – 2,6 %, 2013 жылы – 2,9 %) және экономикадағы жалпы қосылған құнның 14,7 %-ын (2012 жылы – 16,5 %, 2013 жылы – 14,7 %), ал өндіуші сектор – тиісінше 6,3 % (2012 жылы және 2013 жылы – 6,4 %) және 10 % (2012 жылы – 10,8 %, 2013 жылы – 10,4 %) қамтамасыз етеді. Өндіруші өнеркәсіптегі негізгі капиталға инвестициялар жалпы көлемінің 30 %-ын құрайды (2012 және 2013 жылдары – 29 %), ал өндіуші өнеркәсіпте бар болғаны – 11 % (2012 – 2013 жылдары – 11 %).

ҮИИДМБ іске асырылған жылдары өндіуші өнеркәсіп дамуға айтарлықтай серпін алды. Өндірістің нақты көлемінің индексі 2008 жылға қарағанда тау-кен секторын (20 %) басып озып, 24,2 %-ға өсті. Еңбек өнімділігі нақты мәнде 1,9 есе ұлғайды, ал ЭЫДҰ елдерінің орташа деңгейінен айырмашылық 69 %-дан 55 %-ға дейін қысқарды. Откен 5 жылға қарағанда, өндіуші өнеркәсіпке шамамен 3 есе артық ТШИ тартылған, ал

олардың жалпы көлемдегі улесі 10 %-дан 15,5 %-ға дейін (2012 жылы – 12 %, 2013 жылы – 10,6 %) 1,5 есе өсті. 20-дан аса жаңа маңызды секторлар пайда болды, ал қосымша 50 тауар салыстырмалы артықшылықпен (RCA индексі) экспорттала бастады.

Қазақстан факторлар ілгерілететін экономикадан инвестициялар ілгерілететін экономикаға өту кезеңінде түр. Сонымен қатар, қалыптасқан макроэкономикалық жағдайда индустрияландыру және инвестициялар тарту процесінде Қазақстан объективті шектеулерге тап болды. Халықаралық валюта қорының (бұдан әрі – ХВК) елдер бойынша 2013 жылғы қыркүйектегі есебіне сәйкес экономикада «голланд кеселінің» белгілері, атап айтқанда, сауда-саттықта қолайсыз жағдайлардың қалыптасуы, экономикадағы шығындар деңгейінің өсуі және институционалдық проблемалар байқалған. Бұдан басқа, Қазақстан «орташа кіріс тұзағы» – біліктілігі мен инновациялары жоғары дамыған экономикалармен де, кірісі төмен, жалақы деңгейі төмен әрі өнеркәсіптік тауарлардың өндірісі арзан экономикалармен де бәсекеге түсуге қабілетсіздік проблемасымен бетпе-бет келді.

Нәтижесінде, жалпы ішкі өнімнен (бұдан әрі – ЖІӨ) негізгі капиталға инвестиациялар деңгейі 2005 жылғы рекордтық 32 %-дан 2014 жылы 16 %-ға дейін түсіп кетті. Осылан ұқсас экономикадағы ақша көлемінің деңгейі 2009 жылғы ең жоғары 40,5 %-дан 2014 жылы 32 %-ға дейін төмендеп барады, әрі осы көрсеткіш бойынша Қазақстан көптеген елдерден едәуір артта қалып қойды. Урбандалу деңгейі өте төмен, бұл сұранысты кең байтақ аумақта шашыранқы орналастырады және адами капиталдың сапасына әсер етеді, бизнесті жүргізу шығындарын ұлғайтады.

Жеке бастама әлсіз күйінде қалуда, оған бірнеше фактор әсер етеді: мемлекеттің экономикаға қатысуының жоғары болуы, бірқатар салалардың жоғары монополиялануы, жұмыс істемейтін кепілдеме активтер үлесінің жоғары болуы, қаржыландыруға шектеулі қолжетімділік, қор нарығының дамымауы және жоғары в а л ю т а л ы қ т ә у е к е л д е р .

Инфрақұрылымдық шектеулер мен күрделі кедендік рәсімдер экспорттың мүмкіндіктерді төмендетеді. Көлік арналарының жеткіліксіздігі, логистиканың тиімсіздігі, көлік инфрақұрылымының тозуы және сауда инфрақұрылымының дамымағандығы, жоғары көліктік шығындар қазақстандық бизнестің бәсекелік артықшылықтарын айтарлықтай шектейді.

Еңбек ресурстарының төмен сапасы және шетелдік қызметкерлерді жалдау қындығы индустрияландыруды жүргізу мен бизнесті дамыту үшін шектеуші ф а к т о р л а р б о л ы п т а б ы л а д ы .

Металлургия және химия өнеркәсібі сияқты салаларда Бағдарлама үшін мамандықтарға деген қажеттілік жоғары оқу орындарын бітірудің межеленген мөлшерімен тиісінше 96 % және 89 % сәйкес келеді. Бұл ретте, тамақ өнеркәсібі және машина жасау сияқты салаларда оқытып шығару бойынша жоспар Бағдарлама салаларының қажеттігінен 1,5-2 есе жоғары.

### 3.2. Индустриялық дамудың жаһандық трендтері

Бағдарламаны әзірлеген кезде 100-ге жуық жаһандық тренд: жалпы әлемдік, экономикалық, технологиялық және метатенденциялар ескеріліп, бағаланды. Қазақстан үшін релеванттықты және Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестікті бағалау негізінде іріктеу процесінің нәтижесінде мынадай түйінді мегатрендтер айқындалды.

1. Цифрлық технологияларға екпін жасай отырып, өндірістік тізбектерді түрлендіру. Жеткізушилердің мамандануы, сегменттер бойынша әртараптандыру қүшнейеді және трансұлттық компаниялар (бұдан әрі – ТҰК) мен ірі өндірлік өндірушілердің құн тізбегін құруға кіру есебінен бүкіл әлем бойынша жеткізілімдер кеңейе түседі. Бұл ретте ТҰК жергілікті жеткізушилер экожүйесінің болуына және олардың сапасына мүдделі болады. Тіпті еңбекті көп қажет ететін секторларда еңбек ресурстары құнының мәні төмендейді, олардың сапасы маңыздырақ факторға айналады.

2. Көрсетілетін қызметтердің үлесі мен маңыздылығын арттыру және өнеркәсіптегі креативті секторлардың өсуі. Өндеуші өнеркәсіптің үлес салмағы бұдан былай әртараптандырудың және экономикалық өсідің көрсеткіші болып табылмайды, себебі көрсетілетін қызметтер секторының озындық өсуі жаһандық трендке айналды. Өнімнің технологиялық күрделілігінің өсуіне және қазіргі заманғы өндіріс секторларындағы модульдік конструкцияларға өту шамасына қарай көрсетілетін қызметтер маңызды рөл атқара бастайды. Экономикалық белсенділік өндірістен адами капитал тұрғысынан ауқымды көрсетілетін қызметтер саласына ауысада.

3. Дамуши нарықтардан капиталдың жылыштауы. Тез дамуши елдерге капиталдың келуі 2000 жылғы 378 млрд. АҚШ долларынан 1,2 трлн. АҚШ долларына дейін 3 есе өсті, бірақ 2014 жылдан бастап күрт жылыштау байқалуда. Осы үрдісті болдырмау мақсатында бұл елдер преференциялар мен субсидиялар беру, инвесторлардың құқықтарын қорғау, реттеушілік шектеулерді жұмсаарту және капитал мен баламалы қаржы құралдарының нарығын дамыту бөлігінде инвестицияларды тартуға бағдарланған.

4. Елдердің өндірісті орналастыру мен дамыту үшін бәсекелестігі. Дамуши елдердегі өндірістік аландардың маңыздылығы соңғы онжылдықтарда үнемі ұлғайып келеді және олардың арасындағы бәсеке қүшеюде. Өндірістерді қайтару үшін дамыған елдер дамуши елдермен бәсекеге түсті және қайта индустряландыру бағдарламаларын әзірлеуде. Өндіріс шығындары тәмен, ресурстық базасы дамыған немесе жеткізушилердің экожүйесі дамыған әрі жаһандық қосылған құн тізбегіне (бұдан әрі – ҚҚТ) қатысу тұрғысынан қолайлы елдерге ауысада.

5. Еңбек өнімділігіне назар. Әлемдегі бәсеке өнімділіктің өсуі есебінен қүшеюде: соңғы 20 жылда еңбек өнімділігінің әлемдік деңгейі 2,6 есе артты. Өнімділік елдердің бәсекеге қабілеттілігінің бейнесіне айналуда және технологиялар мен инновацияларды, адами ресурстар мен машины, кәсіпкерлікті, бәсекені, компанияларға корпоративтік

қайта құрылымдауды жүргізуі дамытумен ұштасқан.

6. Кәсіпкерлік рөлінің өсуі. Индустримальық даму бүкіл әлемде кәсіпкерлік әлеуетке сүйенеді. Көптеген секторларда интеграцияланған компаниялар жеткізушілердің көп деңгейлі жүйелеріне жол береді, шағын және орта бизнесің рөлі өсуде. Шағын және орта бизнесі дамыған елдер өз аумағында жаһандық салалық тізбектердің жаңа сегменттерін сәтті дамытуға ең көп мүмкіндіктерге ие.

7. Халықтың ұтқырлығы. Бүкіл әлемде адамдар жаһандану, басқа мәдениеттерге қызығушылықтың өсуі, көлікке қолжетімділік, сондай-ақ ел мен өнірдегі жағдайдың нашарлауы есебінен қозғалуда ұтқыр бола бастады. Әлеуетті тәуекелдерді нивелирлеу және тиімді ден қою үшін жоғары білікті шетелдік кадрларды тарту мақсатында көші-қон рәсімдерін оңайлату, таланттарды ел ішінде сақтап қалу бойынша шараларды енгізу және HR функциялардың құзыреттілігін арттыру қажет.

8. Урбандалу және қалалардың өсуі. 2000 жылдан бастап 2050 жылға дейін урбандалу пайызы 47 %-дан 70 %-ға дейін ұлғая отырып, шамамен 3,5 млрд. адам қалаларға көшіп келеді деп болжанады. Бұл ірі қалалар инфрақұрылымының жеделдетілген дамуын және өндірістік қуаттардың олардың айналасына шоғырлануын талап етеді.

3.3. Өндеуші өнеркәсіптің жекелеген салаларын дамытудың жаһандық трендтері Қара metallurgия. Халықаралық нарықтарда дамушы елдердегі (Үндістан, Иран, Таяу Шығыс және Африка елдері) тұтынудың өсуі, урбандалу, экономиканың жаңа секторларында (жаңартылатын энергия көздері (бұдан әрі – ЖЭК), жаңа көлік) артып келе жатқан тұтыну, балама өніммен алмастырудың қыындығы сияқты жаһандық трендтердің есебінен 2030 жылға қарай болатты тұтынудың 1,3 есе өсуі күтілуде.

Жел және күн энергиясының көздері энергетиканың кез келген басқа көздеріне қарағанда, болатты көбірек қажет етеді. Мысалы, әдеттегі жел турбинасына шамамен 180 тонна болат пайдаланылады, оффшорлық турбинаға шамамен 450 тонна болат пайдаланылады. World Steel Association деректері бойынша 2050 жылға қарай шамамен 1 млн. жерусті турбина және 100 мың теңіз турбинасы орнатылатын болады.

Жаңа буын кемелері мен автомобильдері болаттың жаңа түрлерін талап етеді, олар барынша берік әрі жеңіл болмақ. Таяудағы 10 жылда автомобиль корпорациялары ерекше беріктігімен, салмағының жеңілдігімен және экологиялылығымен сипатталатын болаттың AHSS (Advanced High-Strength Steels) жаңа маркаларын белсенді түрде

енгізетін болады.

Сонымен бірге, әлемдік қара metallurgияны дамыту экологиялық, энергия тиімділігі және еңбек өнімділігі бойынша талаптарды күшету жағдайларында жүргізілетін болады.

Жаһандық трендтер мен өсіп келе жатқан жергілікті өткізу нарықтарын (Иран, Батыс Қытай, Шығыс Ресей) ескере отырып, Қазақстанның қара metallurgия секторының экспорттық әлеуетін кеңейту бойынша перспективалары бар.

Тұсті metallurgия. Тұсті metallurgия бойынша ұзак мерзімді кезеңде тұтынудың өсуі болжанып отыр. Айталық, мыстың қажеттілігі 2030 жылға қарай 70 %-ға, алюминий – 50 %-ға, мырыш – тиісінше 70 %-ға артатын болады. Бұған дәстүрлі секторлардағы тұтынудың өсуі (өсіп келе жатқан халықты және урбандалуды қанағаттандыру), экономиканың жаңа секторларында (ЖЭК, жаңа көлік) артып келе жатқан тұтыну, сондай-ақ балама өніммен (қорғасыннан басқа) алмастырудың қиындығы

ықпал

етеді.

Көліктің жаңа тұрлар (электромобилдер), ЖЭК (жел және күн энергетикасы) сияқты экономиканың жаңа секторларында мыс, алюминий, мырыш, титан сияқты дәстүрлі металдар сұранысқа ие болады. Мысалға, электромобилде мыс пен алюминий шығыны іштен жанатын қозғалтқыштары бар автомобильдерге қарағанда, тиісінше, 4 және 2 есе көп болады. Неғұрлым жетілдірілген, сапалы және экологиялық таза металдарға (құрамдастырылған металдар) сұраныс қүшінде. Сондай-ақ, кен орындарының сарқылуы есебінен әлемде қалдықтар мен сынықтардан жасалатын металдардың қайталама өндірісінің (recycling – өңдеу) үлесі ұлғаятын болады.

Өндіріс процестерінің өзгеруі де тұсті metallurgия саласына ықпал ететін трендтердің бірі болып табылады. Олардың ішінде: өндірістің экологиялығы бойынша талаптарды қүшінде және энергия тиімділігі мен еңбек өнімділігін арттыру; шикізатты кешенді өңдеу (ілеспе металл алу) мен қалдықтарды өңдеудің маңызының артуы; шикізатты тереңдетіп қайта өңдеуге және дайын өнімдерге көшу.

Халықаралық үрдістер Қазақстанның тұсті metallurgия өнімінің көлемін кеңейтуге және экспортын әртараптандыруға он ықпалын тигізетін болады.

Автомобиль өндірісі. KPMG болжамына сәйкес 2020 жылға қарай жаһандық деңгейде автомобильдер саудасы ағымдағы деңгейге қарағанда 23 %-ға өседі. Бұл ретте, тұтынудың өсуінің басты драйвері дамушы елдер болады. Бұл тұрғындардың жан басына шаққандағы автомобильмен қамтамасыз етілуінің төмен деңгейіне және дамушы елдерде автомобиль паркінің орташа пайдаланылу мерзімінің жоғары деңгейіне байланысты. Мәселен, IHS Automotive болжамдарына сәйкес 2019 жылға қарай әлемде шығарылған автомобильдердің барлығының 57 %-ы дамушы нарықтарға

тиесілі болады.

Өндіріс процесінде: тігінен интеграцияланған ірі зауыттардан тікелей өткізу өнірінде орналасқан жинақы өндірістік құрастыру алаңдарына кезең-кезеңмен көшу.

Өнімде: сұранысты балама отынмен (электр тогы, сутек) жүретін автомобильдерге ығыстыру. Бұл ретте, дәстүрлі автомобильдердің де, балама отынмен жүретін автомобильдердің де өндірісі тиісті құзыреттер болған жағдайда, құрастыру алаңдарында салыстырмалы түрде оңай жолға қойылады.

Тұтыну тәсілінде: автомобильді жеке пайдаланудан бірлесіп пайдалануға көшу (car sharing, операциялық лизинг және т.б.). Автомобильдерді бірлесіп пайдалану жүйесі автомобильмен қамтамасыз етілу және адами даму индексінің деңгейі жоғары елдерде

кеңінен таралған (1000 адамға 500-ден астам автомобиль).

Әлемдік трендтер Қазақстанның автомобиль өнеркәсібінің дамуына ықпал ететін болады, бұл металлургия, резенке бүйімдарының өндірісі, шыны өндірісі, тоқыма өнеркәсібі, электр жабдықтары мен аспаптарының өндірісі, F3TКЖ және т.б. сияқты аралас салаларды дамытуға ықпал етеді. Мықты ғылыми базасы мен технологиялары бар елдермен және ТҮК-пен әріптестік аталған аспектідегі түйінді шарт болып табылады. Отандық автомобиль өнеркәсібін Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне қайшы келмейтін әдістермен қолдаған жағдайда, осы өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мүмкіндігі пайда болады.

Электр жабдығының өндірісі. Electrical & Power Review деректеріне сәйкес әлемдік электр жабдықтарының нарығы 2030 жылға қарай 3 трлн. \$-дан 6,8 трлн. \$ -ға артады. Бұл ретте 30 %-дан артығын трансформаторлар нарығы иеленетін болады. Бұл өсу жеке және мемлекеттік электр энергетикалық компаниялар тарапынан сұраныстың өсуіне байланысты болады. The Business Research Company деректеріне сәйкес электр моторлары, жарық түсіру жабдығы, аяу баптау жүйелері сияқты сектордың негізгі өнімдерінің өндірісі мыс, алюминий және болат сияқты шикізатқа деген сұранысты тудыратын болады. Тұрақты ток электр энергиясын тұтынушылардың өсуі өнеркәсіптік автоматтандыру нарығының негізгі 10 трендінің бірі болып жарияланды.

Урбандалудың артып келе жатқан тренді, сондай-ақ орта тап өкілдерінің, әсіресе Үндістан мен Қытайда өсіп келе жатқан саны сектордың дамуында барынша үлкен рөл атқаратын болады.

Азық-түлік өнімдерінің өндірісі. Азық-түлік өнімдерінің өндірісі көлемінің болжалды өсуі әлем халқының ұлғаюымен байланысты. Планета халқының негізгі өсуі дамушы елдерге тиесілі. Сондай-ақ азық-түлік өнімдерін тұтынудың негізгі драйвері урбандалу болады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі – БҰҰ) жанындағы Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының деректері бойынша 2030 жылға қарай өндірілетін тамақ өнімінің жартысына жуығы Азия өңіріне тиесілі болмақ. Аталған тренд 2050 жылға қарай да күшіе түсетін болады – өндірілген өнімнің үштен екісі Азияға тиесілі болады

Климаттың өзгеруі жер және су ресурстарын пайдалануға кері әсерін тигізуі мүмкін. Дүниежүзілік Банктің болжалды деректері бойынша 2030 жылға қарай климаттың жылыну тренді Цельсий бойынша 2 градус деңгейінде болжанады, бұл егістік алқаптарының 10 %-ға азаюына алып келеді.

Осының салдарынан жер ресурстарын сапалы басқару практикасын енгізу, су ресурстарын басқарудың «ақылды жүйелерін» енгізу, ауыл шаруашылығы саласындағы тәуекелді басқару құралдарын жақсарту және басқалары есебінен аграрлық секторда өнімділікті арттыру болжанады.

Халықаралық үрдісті және ішкі факторларды ескере отырып, сондай-ақ Ресей мен

Қытайдың ірі нарықтарының жақындығын назарға ала отырып, Қазақстанда азық-түлік өнімдерінің өндірісі секторының жоғары экспорттық әлеуеті бар.

Агрохимия. Әлемде минералды тыңайтқыштарды тұтынудың өсуі 2050 жылға қарай Жер тұрғындарының және азық-түлік өнімдерін тұтынудың өсуіне байланысты 1,9 есе ұлғаяды. БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының деректері бойынша 2050 жылға қарай азық-түлік өнімдеріне деген қажеттілік екі есе артады, ал тұрғындар кірісінің өсуі рационның өзгеруіне ықпал етеді (БҰҰ баяндамасы). Бұл ретте, әлемдік тұтынудың құрылымында калий тыңайтқыштарының үлесі айтартықтай ұлғаяды, бұл Оңтүстік-Шығыс Азияның дамуши елдерінде, Қытайды, Үндістанда, Бразилияда тұтынудың өсуімен байланысты.

Әлемдік үрдістер Қазақстанда бәсекеге қабілетті агрохимия өндірісінің дамуына оң ықпалын тигізеді. Қазақстанның ішкі нарығы да жоғары даму әлеуетіне ие, тыңайтқыштарды енгізу деңгейі орташа әлемдік деңгейге дейін ұлғайса, минералды тыңайтқыштарды тұтыну 3 есе өседі.

Мұнай-газ химиясы. Әлемдік практикада бастапқы жартылай өнімдерді химиялық өндеуді терендету және олардан синтетикалық мономерлер, полимерлер және басқа да химиялық өнімдер алу шамасына қарай олардың бағасының шамамен 3-5 есе қарқынды өсуі байқалады. Осыған байланысты мұнай-газ химиясы әлемдегі мұнай-газ саласын одан әрі дамыту басымдықтарының бірі болады.

Дамуши елдерде байқалатын тұрғындардың өсуі және тұрғындардың жан басына шаққандағы кірісінің артуы оларда дамыған елдермен салыстырғанда тауарларды тұтынудың неғұрлым тез өсуіне алып келеді. McKinsey бағалауы бойынша 2025 жылға қарай орта тап 2010 жылмен салыстырғанда 2,4 млрд. адамнан 4,2 млрд. адамға дейін, екі есе дерлік ұлғаяды. Сондықтан мұнай-газхимиясы саласының базалық өнімдерінің әлемдік импортynyң назары дамуши елдерге қарай ығысады.

Осылайша, мұнай-газ химиясы өнімдерін тұтынудың екі есе артуын күтүге болады. Бұл Оңтүстік-Шығыс Азия (Қытай, Жапония және басқалары) нарықтарына бағытталған мұнай-газ химиясы өндірістерін одан әрі дамытуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, макроөнердің басқа да нарықтарында (Түркия, Ресей) сұраныс артатын б о л а д ы .

Ұзақ мерзімді перспективада әлемдік нарықтағы мұнай-газ химиясы өнімдерінің арасында полиэтилен мен полипропилен ең көп сұранысқа ие болады, бұл барлық полимерді жалпы тұтынудың 60 %-ы. Бұл ретте, аталған полимерлердің әлемдік өндірісі, тіпті 2025 жылға дейін болжанған барлық жобалар іске асырылғаның өзінде, сұраныстан артта қалатын болады. Халықаралық Platts және IHS маркетингтік компанияларының деректері бойынша полипропиленге сұраныс 2025 жылы 90 млн. астам тонна, ал ұсыныс тиісінше 90 млн. тонна құрауы мүмкін. Сондай-ақ полиэтиленге сұраныс 2025 жылы 160 млн. тоннаға дейін артуы, ал ұсыныс тиісінше шамамен 120 млн. тонна болуы мүмкін.

Қытай, Жапония және басқалары сияқты Азия елдері әлемдік сұраныстың есү драйвері болады. Бұл ретте, өндіріс тұрғысынан сапалы және арзан шикізаттың болуы мұнай-газ химиясының негізгі бәсекелік артықшылығы болып қалатынын атап ету көрек.

Аталған үрдістер әлемдік нарықта, Қытайдың урбандалу және индустриялану процестерін қоса алғанда, экспорт тұрғысынан Қазақстанның мұнай-газ химиясы секторының дамуына оң әсерін тигізеді. Бұдан басқа, мұнай-газ химиясының балама энергетиканы (күн панельдері, жел генераторларының қалақшалары, биохимия), жаңа материалдарды (композиттер) дамыту мүмкін емес.

#### 3.4. Индустриялық дамудың ағымдағы сценарийі

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған тұжырымдамасында екі стратегиялық шарт: әлемдік ресурстар нарығының конъюнктурасы және макроөнір ішіндегі интеграциялық дәрежесі негізінде 4 индустриялық даму сценарийі көзделді.

Бағдарламаны іске асыру уақытында шикізат бағасы төмен болған жағдайда, макроөнірдегі интеграцияланудың терендеуі ықтимал, бұл орта мерзімді перспективада мынадай салдар тудыратын үшінші сценарийдің басталуына әкеледі:

1) ресурстар бағасының төмендеуі экономиканы тұрақты жоғары кіріс көзінен айырады;

2) макроөнір елдерімен интеграциялану есебінен Қазақстанның технологияларға қол жеткізу мүмкіндігі бар;

3) макроөнір елдерімен сауда-саттық мүмкіндігі өседі, бұл Қазақстанға нарықтарға қолжетімділік есебінен нарықтық позицияларын жақсартуға және «шикізат емес» экспортты өсіруге мүмкіндік береді;

4) экономика құрылымы біртіндеп «шикізат емес» салаларға қарай өзгереді.

Осы сценарий іске асырылған кезде өнімділікті және сол арқылы бәсекеге қабілеттілікті арттыру негізгі мақсатқа айналады. Базалық реттеу:

1) мемлекет тараپынан фискалды және фискалды емес ынталандырулар мен преференцияларды ұсына отырып, инвестиациялық ахуалды жақсартуға;

2) Қазақстан үшін жаңа және инновациялық өндірістерді дамыту үшін басым секторларға ТҮК таруға;

3) Дүниежүзілік сауда ұйымының (бұдан әрі – ДСҰ) және Еуразиялық экономикалық одактың (бұдан әрі – ЕАЭО) қағидаларымен тыйым салынбаған әдістермен экспортты қолдауға;

4) кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті (бұдан әрі – ШОБ) ынталандыруға бағытталуға тиіс.

Бұл ретте күтілетін үміт шынайы болуға тиіс. Мемлекет тараپынан көп күш жүмсалған күннің өзінде ықтималдық үлесі жоғары болжанып отырған кезеңде күтілетін нәтижелер (жүргізілетін макроэкономикалық саясатты ескере отырып),

өндеші сектордың, ондағы ШОБ үлесінің, өнделген өнім экспортның өсуі салыстырмалы түрде жоғары болмайды.

Алайда, химияда және мұнай химиясында, түсті және қара металлургияда қайта өнделуі жоғары өнімдер өндірісіне, оқшауландыру үлесі жоғары толыққанды машина жасауды құруға өту арқылы базалық индустрияны қалыптастыруды аяқтау индустриялық дамудың жаңа деңгейіне өтуге, экономиканың мұнай секторына тәуелділігін азайтудың бастапқы міндеттін шешуге мүмкіндік береді.

Атап айтқанда, 2025 жылға қарай мыналарға:

1) экспорттың жалпы көлемінде өнделген тауарлар экспорттың 43 % - ға дейінгі үлесіне;

2) өнімді көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, өндеші өнеркәсіпте ЭҮДҰ елдері бойынша орташа деңгейдің 68 %-ына дейінгі енбек өнімділігіне қол жеткізу күтіледі.

Осы көрсеткіштерге қол жеткізу жаңа өндірістік технологияларды жалқы енгізуден жаппай енгізуға өтуге, ең заманауи ғылым мен инженерия негізінде жоғары тиімді индустриялық кәсіпкерлік құруға мүмкіндік береді.

Осылайша, біртіндеп жылдамдатылған-эволюциялық жолдың сәтті болу мүмкіндігі мейлінше жоғары. Мұны Оңтүстік Кореяның, Қытайдың және басқа да елдердің тәжірибелі дәлелдейді.

Атап айтқанда, Оңтүстік Кореяның индустриялық-инновациялық қалыптасуына 1962 жылдан бастап 1991 жылға дейін экономикалық дамудың жүйелі және кезеңдік бесжылдық жоспарларын іске асыру есебінен қол жеткізілді. Бұл ретте 1962 жылдан бастап 1972 жылға дейінгі бірінші онжылдық кезең өнеркәсіптік инфрақұрылым мен базалық салаларды: тоқыма өнеркәсібін, қара металлургияны, ауыр машина жасауды, химия өнеркәсібін дамытуға бағдарланды. 1972 жылдан бастап 1981 жылға дейінгі екінші онжылдық кезең инфрақұрылымды одан әрі дамытуға, базалық салаларды қайта құрылымдауға және технологиялық қабілеттілікті дамыту үшін негіздер құруға бағытталды. 1982 жылдан бастап 1991 жылға дейінгі келесі онжылдық кезеңде салалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жоғары технологиялық өндірістерді дамыту және инновациялық даму үшін негіз құру мақсаты көзделді.

Қазіргі уақытта білім экономикасын құру Оңтүстік Кореяның экономикалық саясатының ұзақ мерзімді басымдығы болып табылады.

Қытайда әзірленіп жатқан «China Manufacturing 2025» бағдарламасы 2050 жылға қарай өндеші өнеркәсіпте әлемдік көшбасшылыққа қол жеткізу жолындағы үш 10 жылдық жоспардың біріншісі ғана болып табылады. Бұл ретте 1949 жылды тәуелсіздікке қол жеткізген кезден бастап Қытай өнеркәсібі 30 жылдық екі кезеңнен өтті:

1952 – 1978 – ауыр өнеркәсіпке назар аудара отырып, базалық индустрия құру;

1979 – 2014 – ауқымды (сандық) индустрияландыруды дамыту.

«China Manufacturing 2025» Қытайдың өндеші өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыруға бағытталған. Ол Қытай өндеші өнеркәсібіндегі «

Қытайда жасалған» басымдығынан «Қытай жасаған» басымдығына, жылдамдықтан сапаға және өнімдерден брендтерге өтуді меңзейді. Қытай экономикасының «орташа кіріс тұзағына» түсі қаупін еңсеруі, сондай-ақ оның орташа даму мәртебесінен жоғары даму мәртебесіне көшуі бұл бағдарламаны іске асырудың жалпы тиімділігі болуға тиіс.

4. Бағдарламаны іске асырудың мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және нәтижелерінің көрсеткіштері

Қазақстан Республикасын 2020 жылға дейін индустримальық дамытудың мақсаты, міндеттері және жалпы нысаналы индикаторлары

Бағдарламаның мақсаты: Жаһандық салалық және технологиялық трендтерді ескере отырып, еңбек өнімділігін арттыруға және өндөлген тауарлар экспортының көлемін ұлғайтуға бағытталған өндеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін екпінді ынталандыруға

көшү .

Бағдарлама мақсатына қол жеткізу мынадай нысаналы индикаторлармен өлшенетін болады

( 1 - к е с т е ) :

1) өндеуші өнеркәсіп өнімі экспортының құндық көлемінің 2015 жылғы деңгейге қарағанда 19 % -ға өсүі ;

2) өндеуші өнеркәсіпте еңбек өнімділігінің 2015 жылғы деңгейге қарағанда нақты мәнде 22 % -ға өсүі ;

3) өндеуші өнеркәсіпте негізгі капиталға инвестициялар көлемі 4,5 трлн. теңге сомасында ;

4) өндеуші өнеркәсіптегі энергия сыйымдылығының 2014 жылғы деңгейге қарағанда кемінде 7 % -ға төмендеуі .

#### 1-кесте. Өндеуші өнеркәсіптегі нысаналы индикаторлар

Р/с №	Нысаналы индикаторлар	Өлш. бірл.	Ақпарат көзі	2014 (факт)	Болжам					Орындауға жауапты лар
					2015	2016	2017	2018	2019	
1	Өндеуші өнеркәсіп өнімдері экспортының құндық көлемінің өсуі	алдыңғы жылға%	ҰӘМ СК	94,3	106,3*	86	112,8	110,3	111,2	ИДМ, АШМ, ЭМ
		2015 жылға қарай%		134	100	86	97	107	119	
2	Өндеуші өнеркәсіпте еңбек өнімділігінің шынайы өсуі	алдыңғы жылға%	ҰӘМ СК	85,2	113,2*	101,3	104,2	106	109,1	ИДМ, АШМ, ЭМ
		2015 жылға қарай%		-	100	101,3	105,6	111,9	122	
3	Өндеуші өнеркәсіпте негізгі капиталға инвестиациялар көлемі	млрд. теңге	ҰӘМ СК	729	774	750	828	1 032	1 149	ИДМ, АШМ, ЭМ
4	Өндеуші өнеркәсіптең энергия сыйымдылығы	2014 жылға қарай%	ҰӘМ СК	100	99	98	97	95	93	ИДМ

\* Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2016 жылғы 4 ақпандағы № 58 бүйрығына сәйкес 2015 жылғы болжам Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы № 874 Жарлығына сәйкес 2012 жылғы деңгейге қатысты көрсетілген.

Осылайша, бұл индикаторларға қол жеткізу Бағдарламаны іске асыруға 0,9 трлн. теңге көлемінде бюджет қаражаты бөлінген және жалпы сомасы шамамен 3,6 трлн. теңге жеке, оның ішінде қарыз (теңгерімді нұсқа) инвестициялары тартылған жағдайда мұмкін болмақ.

Өндөруші секторға жалпы сомасы 3,7 трлн. теңге инвестициялар, оның ішінде 0,8 трлн. теңге көлемінде бюджет қаражаты мен 2,9 трлн. теңге көлемінде жеке инвестицияларды тартқан жағдайда, өндөруші өнеркәсіптері еңбек өнімділігі мен экспорт бойынша мәндерді 2015 жыл деңгейінде (жаһандық өзгерістердің басталған кезі) сақтап қалуға болады.

2014 жылы жоспарланғандай (әлемдік экономикадағы жаһандық өзгерістерге дейін), 2012 жылғы деңгейге қатысты индикаторлардың 1,4 есе өсуін қамтамасыз ету үшін 1,7 трлн. теңге көлемінде бюджеттік қаржыландыру және жалпы сомасы 6,6 трлн. теңгеге жуық жеке инвестициялар тарту талап етіледі.

Қойылған мақсатты шешу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

1) Дәстүрлі секторларда кәсіпорындарды жаңғырту есебінен базалық тиімді индустрини күруды аяқтау.

Бұл міндетке қол жеткізу мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенеді:

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	2014 (факт)	Болжам					Орындауға жауаптылар
				2015	2016	2017	2018	2019	
1	Қолданыстағы өндірістерді жаңғырту және кеңеңтүй жөніндегі жобалар саны	бірл.	-	-	9	3	2	2	ИДМ, АШМ, ЭМ

2) Сала түзуші ірі жобаларды іске асыру арқылы индустриялық өсудің жаңа нұктелерін күруды.

Бұл міндетке қол жеткізу мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	2014 (факт)	Болжам					Орындауға жауаптылар
				2015	2016	2017	2018	2019	
1	Жаңа ірі жобалар саны	бірл.	-	-	5	2	2	1	ИДМ және басқалар
2	Іске асырылған пилоттық аумақтық кластерлер саны	бірл.	-	-	-	6	-	-	ИДМ
3	Global-2000/TҮК енгізілген компаниялар тізімінен тартылған инвесторлар саны	бірл.	5	-	7	5	5	5	ИДМ

Индустриялық саясаттың ұзақ мерзімді мақсаты – ЭҮДҮ елдеріндегі орташа деңгейге тең еңбек өнімділігі деңгейіне қол жеткізу. Алайда, өнімділіктің өсуі жұмыскерлердің босатылуымен қатар жүреді. 2008 – 2015 жылдары барлық ЭҮДҮ

елдерінен Германия мен Израиль ғана өндеуші өнеркәсіптегі жұмыскерлер санын үлғайта алды (тиісінше 50 және 16 мың адамға жуық).

Сондықтан Бағдарлама шеңберінде еңбек өнімділігін арттыра отырып, индустрияландыру шеңберінде іске қосылатын жаңа кәсіпорындарда жұмыс орындарын құру есебінен өндеуші сектордағы жұмыскерлер санын сақтап қалу міндеті қойылған (2015 жылы – өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды есепке алмағанда, 515 мың адамға жуық). Жалпы Бағдарлама шеңберінде өндеуші секторда 70 мыңнан астам сапалы жұмыс орындарын құра отырып, 400-ге жуық жобаны іске асыру межеленген.

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	2014 (факт)	Болжам					Орындауга жауаптылар
				2015	2016	2017	2018	2019	
1	Өндеуші өнеркәсіпте жұмыспен қамтығандардың саны *	мың адам	495,4	515,3	515,3	515,3	515,3	515,3	ИДМ, ДСӘДМ, АШМ, ЭМ

\*өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды есепке алмағанда

3) Экспортқа және/немесе өз еңбегінің өнімділігін үнемі арттыруға бағдарланған жоғары тиімді индустриялық кәсіпкерліктің пайда болуы үшін жағдайларды қамтамасыз

ету .

Бұл міндетке қол жеткізу мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенеді:

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	2014 (факт)	Болжам					Орындауга жауаптылар
				2015	2016	2017	2018	2019	
1	Күрылған казақстандық экспорттық брендтер саны	бірл.	-	-	2	1	1	-	ИДМ, АШМ, СІМ, ҰЭМ
2	Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған, мемлекеттік колдау алған кәсіпорындар саны	бірл.	77	34	29	26	26	26	ИДМ

4) Келешекте инновациялық белсенді бизнестің сыйндарлы мөлшерінің пайда болуы

үшін алғыштар жасау .

Бұл міндетке қол жеткізу мынадай нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенеді:

Р/с №	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірл.	2014 (факт)	Болжам					Орындауга жауаптылар
				2015	2016	2017	2018	2019	
1	Өндіріске енгізілген технологиялар саны	бірл.	2	-	2	6	6	6	ИДМ, «ҰТДА» АҚ
2	Салалардың технологиялық міндеттерін шешүге бағытталған жобалар саны	бірл.	-	-	2	2	2	2	ИДМ, «ҰТДА» АҚ
3	Күрылған технологияларды дамыту орталықтарының саны	бірл.	-	-	1	1	2	1	ИДМ, «ИТП» АҚҚ
4	«ИТП» АЭА қатысуышыларына қосу үшін кластерде инкубацияланған	бірл.	-	7	11	14	18		

## 5. Бағдарламаның негізгі бағыттары, қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар

Қазақстанның мемлекеттік өнеркәсіптік саясаты шынайылық (ағымдағы жағдайды және экономиканың нақты мүмкіндіктерін объективті бағалау), дәйектілік (алға қойылған ұзақ мерзімді мақсаттарға жоспарлы қол жеткізу), прагматикалық (алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудің айқын пайымы) қағидаттарында жүргізіледі.

2010 жылдан бері экономиканы әртараптандыру элементі ретінде проактивтік өнеркәсіптік саясатты жүзеге асыру басталды.

Бұл ретте шикізат нарықтарындағы құбылмалылыққа және басқа да бақыланбайтын факторларға тәуелділігі мейлінше аз секторларды ынталандыру арқылы тау-кен өндіру секторының ықпалын төмендету жолымен экономиканың айтарлықтай орнықтылығын қамтамасыз ету әртараптандыру ретінде түсініледі.

Мұндай секторларға өңдеуші сектор және өнімді көрсетілетін қызметтер секторы жа та ды .

Өнімді көрсетілетін қызметтер – қосылған құнды қайта бөлумен (қаржы, сауда, делдалдық көрсетілетін қызметтер) емес, шынайы экономикалық құндылықты қалыптастырумен байланысты көрсетілетін қызметтер. Өнімді көрсетілетін қызметтерге инжинириング пен сервисті, көліктік, ақпараттық-коммуникациялық, ғарыштық, білім беру және денсаулық сақтау, зерттеу саласындағы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді, қызмет көрсету және тұрмыс, туризм және т.б. салаларды жа т қ ы з у ғ а б о л а д ы .

Жағдайы (аумағы, халқы, шикізаттық бағдары және т.б.) ұқсас елдер – Канада және Аустралия бойынша талдау ғылыми елдер экономикалық өнімді көрсетілетін қызметтердің жиынтық үлесін ЖІӨ-ден 44-47 % деңгейде сақтап тұрумен қамтамасыз етілетінін көрсетті (2014 жылдың қорытындысы бойынша өңдеуші сектор – тиісінше 11 % және 6 %, өнімді көрсетілетін қызметтер – 33 % және 41 %).

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері және «Қазақстандық индустрияны дамыту институты» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ҚИДИ» АҚ) есептері бойынша 2014 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстандағы өңдеуші өнеркәсіп пен өнімді көрсетілетін қызметтердің жиынтық үлесі 39 % құрады. Орнықты сервистік-индустриялық экономиканы құру үшін ғылыми елдерде 2035 жылға қарай 46 %-та дейін жеткізілуге тиіс (елдің шынайы мүмкіндіктері мен әлемдік экономикадағы көрсетілетін қызметтер үлесін ұлғайту бойынша жаһандық үрдісті ескере отырып).

Бұл ретте өңдеуші өнеркәсіптің үлесі салыстырмалы төмен деңгейде – шамамен 11-12 % деңгейінде қалып отыр. Алайда, өңдеуші секторды дамытудың маңыздылығы

жоғары технологиялық көрсетілетін қызметтерге сұранысты қалыптастыруға, оларсыз «инновациялық экономиканы» қалыптастыру мүмкін болмайтын инженерлік құзыреттіліктерді және сапалы жұмыс орындарын құруға сайып келеді.

Осылайша, таяудағы уақытта Қазақстан алдында «шикізаттық бәсекелестік» факторымен алға ілгерілейтін экономикадан кейіннен «инновациялар факторы» ілгерілететін экономиканы қалыптастыруды бастау алғышарттарына қол жеткізу арқылы «инвестициялар факторы» есебінен өсуге негізделген экономикаға көшу процесін жалғастыру міндеті тұр деуге болады.

Өндеуші секторда ЭҮДҰ елдері бойынша орташа еңбек өнімділігімен салыстыруға келетін еңбек өнімділігінің деңгейіне қол жеткізу ондағы тиімді инновациялық экономикаға өтудің негізгі көрсеткіші болады. Есептер бойынша 2035 жылға қарай бұл көрсеткіш 1 жұмыскерге 105,3 мың АҚШ долларын құрайтын болады.

2014 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық өндеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі шамамен 42,6 мың АҚШ долларын құрады (ЭҮДҰ бойынша орташа көрсеткіштен шамамен 45 %). Алайда, 2015 жылдың нәтижесі бойынша құнсыздану әсерін ескере отырып, көрсеткіш 1 жұмыскерге шамамен 30-33 мың АҚШ долларына дейін төмендей, еңсеру қажет алшақтықты одан сайын ұлғайтуы мүмкін.

Бұл өндірісті жаңғырту және заманауи жаңа жобаларды іске асыру саясатынан басқа, өнімнің өзіндік құнының азаюмен, энергияны үнемдеумен және ресурс тиімділігімен, оның сапасы мен игерілу жылдамдығының артуымен, өз өнімін маркетингтік сүйемелдеумен және ілгерілетумен байланысты үздік практикаларды енгізуге отандық кәсіпорындарды ынталандыруды күшейту қажеттілігін айқындалап береді.

Негізгі шикізаттық экспорттық тауарлар бағасының құлдырауы сауда теңгерімі көрсеткіштерінің нашарлауына кері әсер етеді, бұл ұлттық валютаның құбылмалы айырбас бағамы режиміне өтуіне әкелуі мүмкін. Осыған байланысты таяудағы жылдары өнеркәсіптік саясат шенберінде, ең алдымен, шикізат емес өнімді экспорттауға бағдарланған кәсіпорындарды дамыту мен қолдауға баса назар аударылатын болады.

Сондай-ақ, ұлттық валютаның бағамы құбылмалы айырбас режиміне өтуі шетелдік технологиялар мен жоғары технологиялық жабдықтарды сатып алу мүмкіндіктерінің қымбаттау есебінен нашарлауына, сондай-ақ отандық екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі – ЕДБ) арқылы кредиттік ресурстарға қолжетімділіктің нашарлауынан бизнес белсенділіктің жалпы төмендеуіне алып келуі мүмкін.

Бағдарламаның бүкіл қолданылу кезеңінде макроэкономикалық көрсеткіштердің орнықтылығын қамтамасыз ету өнеркәсіптік саясаттың сәтті болуының ең қажетті шарты болып табылады – атап айтқанда, ұлттық валюта бағамының күрт құбылуы, өндеуші секторды дамытуға бағдарланбаған салық және ақша-кредит саясаты, экономиканың шынайы секторын кредиттеудің жеткіліксіз көлемі Бағдарламаның

міндеттері мен нысаналы индикаторларына қол жеткізуге шектеуші ықпал етеді.

Есептер бойынша 2015 жылмен салыстырғанда 2019 жылға қарай өндеуші сектордағы экспорт көлемін 19 %-та ұлғайту және еңбек өнімділігі деңгейін 22 % -та арттыру үшін негізгі капиталға 4,5 трлн. теңге инвестициялар қажет. Сондықтан, отандық қаржы секторының жағдайын тез арада қалыпқа келтіру ғана жеке бизнесті өндеуші сектордағы жобаларды іске асыруға қажетті қолжетімді ақша ресурстарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Шетелдік компаниялармен, ең алдымен ТҮК-пен жұмыстың тиімділігі мен атаулылығын арттыруға, сондай-ақ ЭЫДҰ елдерінің стандарттарына сәйкес келетін тартымды инвест-ахуал құруға бағдарланған шетелдік инвестицияларды тартудың жаңа саясаты ішкі нарықты қажетті ақша қаражатымен толықтыру бойынша маңызды шара болмақ.

Жаңа нарықтарды игеруге және өнімділікке назар аударылып, мемлекеттік қолдаудың ағымдағы жүйесі түбебейлі өзгереді. Экономика салалары мен әлеуметтік саланың цифрлық тұғырнамаға өтуі, креативті адами капиталды дамытуды ынталандыратын орта құру түйінді бағдарларға айналады.

Баяндалғанды ескере отырып, Бағдарламаны іске асыру кезінде мынадай негізгі тәсілдер қолданылатын болады:

1. Жеке бастамаларды қолдаудың мемлекеттік бастамалардан басым түсүі.

Мемлекеттік бастамалардан жеке бастамаларды ғана қолдауға кезең-кезеңмен өту жүзеге асырылады.

Ұлттық басқарушы холдингтер мен даму институттары арқылы тікелей мемлекеттік қаржыландыру құралдары негізінен іске қосылуы индустриялық өсудің жаңа базасын құруға мүмкіндік беретін басталған, жаңа сала түзуші ірі жобаларды аяқтауга, сондай-ақ шикізат емес тауарларды өткізу үшін жаңа нарықтарды игеру бойынша өндеуші өнеркәсіп кәсіпорындарын қолдауға шоғырландырылатын болады.

Даму институттарының атаулы қолдау шараларын ұсынуы бойынша өлшемшарттар (кредиттеу, қоса қаржыландыру, кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау және т.б.) бастамашының көбірек қаржылай қатысуы жағына қарай өзгертиледі. Еңбек өнімділігін ұлғайту және өнделген өнімдерді өткізу үшін нарықтарды кеңейту қаржылай қолдау көрсету үшін түйінді өлшемшарттар болады. Даму институттарының мемлекеттік қолдау құралдарын ұсынуының тәсілдері мен өлшемшарттарын қайта қарау жөнінде жұмыс жүргізіледі.

Экспортқа шығатын және/немесе еңбек өнімділігінің деңгейін арттыруды қамтамасыз ететін мұнай емес сектордың жұмыс істеп тұрған кез келген кәсіпорны қолдау алады. 2017 жылдан бастап барлық қаражаттың кемінде 60 %-ы, 2018 жылдан бастап – 80 %-ы жаңа схема бойынша беріледі. Бұл шаралар ДСҰ, ЕАӘО және басқа ұйымдар шеңберінде Қазақстан Республикасы қабылдаған халықаралық міндеттемелерге сүйеніп көрсетіледі.

## 2. Қолдаудың жалпы жүйелік шараларының тікелей жобалық қолдаудан басым түсүі

Бюджет шығындарын негізінен жалпы жүйелік сипаттағы шараларға – инфрақұрылым салуға, сервистік қолдауға және жаңа нарықтарды игеру мен еңбек өнімділігін ынталандыруға, ақпаратты-талдамалық қолдауға, инвестициялық ахуалды жақсартуға, еңбек ресурстарының қолжетімділігіне, білім беру мен ғылыми зерттеулер сапасына, ынталандыруши техникалық стандарттарға және т.б. біртіндеп қайта бағдарлау

процесі

басталады.

3. Назарды ішкі нарықта отандық кәсіпорындарды қорғаудан оларды Қазақстан Республикасы қабылдаған халықаралық міндеттемелерге қайшы келмейтін әдістермен сыртқы экспорттық нарықтарға бағдарлауға аудару.

Кәсіпорындарды қолдау туралы шешім қабылдау кезіндегі негізгі өлшемшарт осындай қолдау нәтижесінде салыстырмалы еңбек өнімділігі мен өндөлген өнімнің жалпы экспорттың үлғайту болып табылады. Бұл ретте импортты алмастыруда негізгі екпін отандық тауар өндірушілердің мұддесін тікелей ілгерілетуден ауысатын болады.

Отандық өндірушілерді оқшауландыруды жоғарылату бойынша мақсатты жұмыс жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың, сонымен бірге жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларына тең қолжетімділік қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ халықаралық актілер нормасы шенберінде «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі – «Атамекен» ҰКП) сертификаттауымен расталатын индустримальық дамудың тиісті деңгейі бар кәсіпкерлік субъектілерінен отандық өнімді жол берілетін басымдықпен сатып алу мүмкіндігі

қаралатын

болады.

Осы қағидаттарға негізделе отырып, Бағдарлама шенберінде өндеуші өнеркәсіпті мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіру жалғасатын болады.

1-ші бесжылдық кезеңде жаңа өнеркәсіптік саясатты белсененді іске асыру басталған кезден бері елді индустриясыздандыру процесін тоқтату жөніндегі міндеттер шешілді, индустримальық кәсіпкерліктің жаңа толқынын қалыптастыру үшін базалық жағдайлар жасалды – бірінші кезекте, индустримальық әлеуетті іске асырудың инфрақұрылымдық шектеулері алып тасталды. Бөлінген бюджет қаражатының шамамен 90 %-ы осы

мақсаттарға

жұмсалады.

2-ші бесжылдық барысында бұрын қол жеткізілген нәтижелерді бекітуден басқа, тиімді базалық индустрия құру аяқталады, өзінің еңбек өнімділігін арттыруға, негұрлым бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды, ішкі нарық үшін ғана емес, сыртқы нарықтар үшін де бәсекелі күреске бағдарланған бизнесті қолдауға назар аударылатын

болады.

Бұл ретте 2019 жылға қарай еңбек өнімділігін және экспортты ынталандыру мақсаттарына бейімделген, жүйелік жағдайлар мен мемлекеттік қолдау құралдарының кешенін қалыптастыру жоспарлануда. Өндістерді автоматтандыру, роботтандыру

және цифрландыру әлементтерін экономиканың барлық салаларына – өнеркәсіптен бастап ауыл шаруашылығына дейін, саудадан бастап көлікке дейін енгізу ерекше рөл атқаратын

б о л а д ы .

2-ші бесжылдық аяқталатын кезде қарай жаһандық технологиялық трендтерді ескере отырып, қазақстандық индустриялық бизнес өңірлік нарықта ілгерілеуге барынша жоғары мүмкіндіктер алатын ықтимал бағыттар анықталатын болады.

Бұл ретте Бағдарлама өндеуші сектордың даму проблемаларына ғана бағытталады, бұл экономиканың аралас секторларын – ең алдымен, өнімді көрсетілетін қызметтер секторын, ауыл шаруашылығын әртараптандыру және ынталандыру, экономиканы цифрландыру және т.б. жөніндегі басқа бағдарламаларды қатар іске қосу қажеттілігін айқында

б е р е д і .

Келешекте индустрияландырудың кейінгі кезеңдерінде тиімді қазақстандық өндірушілердің өңірлік нарықтарға жаппай шығуына және орнығуына қолдау көрсетіліп, бизнес пен мемлекеттің күш-жігері Қазақстанның индустриялық-технологиялық көшбасшы елдердің қатарына кіруі қамтамасыз етілетін бірнеше бағытта мамандануын қалыптастыру мен бекітуге, сондай-ақ сұранысқа ие жаңа технологияларды шоғырландыруға мүмкіндік беретін қолайлы инновациялық ортаны қалыптастыруды аяқтауға жұмылдырылады. Сол арқылы, 2050 Стратегиясында қойылған, Қазақстанның 15-20 жыл ішінде дамыған елдердің технологиялық даму деңгейіне жетуі жөніндегі міндет орындалатын болады.

Өнеркәсіп пен көрсетілетін қызметтердің аралас секторларындағы әрбір кәсіпорында тиімділік пен еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі үздіксіз жұмыс индустрияландырудың барлық кезеңдеріндегі табысты трансформацияның сөзсіз шарты

б о л а д ы .

Экономикалық дамудың ағымдағы жағдайын, жаһандық трендтерін және олардың Қазақстанға ықпалын талдау енбекті бөлудің әлемдік жүйесінде лайықты орын алатын орнықты сервистік-индустриялық экономикаға өту үшін жүйе түзуші ірі жобаларды іске асыру және/немесе жаңғырту арқылы базалық индустрия құру қажеттілігін көрсетті, осы «тартылыс орталықтары» уақыт өте келе икемді, сыртқы жағдайлардың өзгерісіне жылдам бейімделе алатын өнеркәсіпті құру онсыз мүмкін болмайтын индустриялық кәсіпкерліктиң сындарлы мөлшерін өсіруге мүмкіндік береді.

Шикізаттық экономикадан инновациялық экономикаға көшу бизнес пен мемлекеттің шынайы мүмкіндіктерін, экономикалық, саяси және әлеуметтік даму тенгерімі мен прогресті ескере отырып, үдемелі серпінді айқындастырын ұзақ мерзімді және дәйекті мемлекеттік саясатты талап етеді.

Бағдарламаны табысты іске асыру үшін құрылуы қажет индустриялық дамуды ынталандыру және қолдау жүйесінде өндеуші сектордың дамуына тікелей және/немесе жанама ықпалы бар 3 құрауышты бөліп көрсетуге болады:

1. Қолайлы жағдай жасайтын экономикалық саясаттың негізгі бағыттары.

2. Өндөуші секторды қолдаудың жүйелік шаралары.  
3. Өндөуші сектордың инвестициялық жобаларын қолдаудың атаулы шаралары.

5.1. Экономикалық саясаттың негізгі бағыттары мыналарды қамтиды:

1) ЕДБ арқылы кредиттеуге преференциялық қолжетімділікті қамтамасыз ететін өндөуші секторды қаржылай ынталандыру (өндөуші секторды дамытуға және өнімділігі жоғары әрі бәсекеге қабілетті жобаларды іске асыруға бағытталатын кредиттердің көлемі, валютасы жағынан, да олардың құны жағынан да), бұл өзгелермен қатар, экономиканы қаржыландыруға жұмсалатын бюджет шығындарын төмендетуге, ал ұлттық басқарушы холдингтер мен даму институттарына қаржы ресурстарын бизнеске дейін жеткізу функцияларынан біргінде алшақтауға мүмкіндік береді;

2) Бағдарламаны іске асыру кезеңінде, оның ішінде мемлекеттік қолдауды ұсыну шарттары мен тетіктерінің өзгермейтіндігіне, бюджеттік қаржыландыруды бөлу жөніндегі міндеттемелерді кепілді орындауға және т.б. негізделген экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету тетігін әзірлеу;

3) мектепке дейінгі білім беруден жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық буындарында жүйелі өзгерістерге көшу жолымен білім берудің сапасын жақсарту арқылы білікті кадрлардың қолжетімділігін арттыру, сондай-ақ еңбек нарығына білікті шетелдік мамандардың қолжетімділігін женілдету. Білім беру жүйесі Білім мен ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын және басқа тиісті бағдарламаларды бейімдеу арқылы экономиканы әртараптандыру мен индустрияландыру жөніндегі қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттерге бағдарланады. Индустрияландыруды жоғары білікті еңбек ресурстарымен уақтылы қамтамасыз ету мақсатында орта мерзімді перспективада кадр қажеттілігін болжау тәсілдері жетілдірілетін болады;

4) экономикаға мемлекеттің қатысуын азайту арқылы бәсекелестікті дамыту (квазимемлекеттік сектор объектілерін жекешелендіру, өндөуші секторда жаңа мемлекеттік компанияларды құруға тыйым салу, банкроттық институтын дамыту);

5) бизнесті әкімшілендіру деңгейін төмендету процесін жалғастыруды қоса алғанда, ЭҮДҰ стандарттары бойынша инвестициялық ахуал қалыптастыру;

6) өндөуші өнеркәсіпте, әсіресе, басым секторларда инвестициялау және кәсіпкерлік қызмет үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасаудың орындылығы туралы мәселені пысқтасу;

7) инфрақұрылымдық саясат – сапалы және бәсекеге қабілетті көліктік, ақпараттық-коммуникациялық, ғарыштық, энергетикалық, коммуналдық және газ инфрақұрылымына қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Экономикалық саясаттың көрсетілген бағыттарын іске асыру жүргізіліп отырған индустрияландыру саясатының табысты болуының аса маңызды шарты болып табылады. Жоғарыда көрсетілген іс-шаралар кешенін толық іске асырмау немесе тиімсіз іске асыру Бағдарлама шеңберінде қол жеткізуға болатын нәтижелердің

2016 жылдан бастап барлық көрсетілген бағыттар бойынша тиісті бағдарламалық құжаттарға уәкілетті органдар индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті органмен және бизнес-қоғамдастықпен бірлесіп, «Атамекен» ҰКП үйлестіруімен өзірлеген өзгерістер енгізілетін болады.

**5.2. Өндіреуші секторды қолдаудың жүйелі шаралары мыналар арқылы іске асырылады:**

**1. Өндіреуші сектордағы инвестициялық ахуалды жақсарту**

Жаңа экономикалық шындық – дамуши нарықтардан капиталдың жылыстауы, шикізат бағасының құлдырауы жағдайларында Бағдарлама Қазақстанның қолайлы инвестициялық ахуалын қалыптастыруға және тікелей шетелдік инвестицияларды тартуды жандандыруға шоғырланады. Ілгерілету құралдарын қолдана отырып, Қазақстан Республикасының шетелдегі инвестициялық имиджін қалыптастыру және ілгерілету жөніндегі жұмыс күшейтіледі.

Қазақстанның инвестициялық ахуалын жақсарту ЭҮДҰ стандарттарын енгізумен тығыз байланысты. Нәтижесінде Қазақстан 2017 жылы ЭҮДҰ-ның Инвестициялар комитетіне кіруді жоспарлауда. Осылайша, Қазақстан қабылдаған ЭҮДҰ-ның ұсынымдары үздік әлемдік практикаға сәйкес болуға тиіс.

Белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай шаралар көзделген:

**1. Кірү тобы:**

- 1) көші-қонды бақылау ресімдерін жақсарту;
- 2) шетелдік жұмыс күшін тарту ресімдерін жетілдіру;
- 3) визасыз режимді кеңейту.

**2. Фискалдық жүйе:**

- 1) салық және кеден заңнамасын әкімшілендіруді жетілдіру;
- 2) трансферттік баға белгілеуді жетілдіру;

**3. Жүйелік құралдарды жақсарту:**

1) Инвестициялық штаб шеңберінде стратегиялық инвесторлар мен ТҮК мәселелерін қаралып;

2) инвесторлар үшін «бір терезе» қағидаты бойынша қызметті жетілдіру;

Инвестициялық жобаны іске асыру үшін қажетті көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді ұсынуда инвесторларға жәрдем көрсету бөлігінде орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының және басқа да ұйымдардың өзара іс-қимыл жасауы арқылы инвесторлар үшін «бір терезе» қағидаты бойынша қызметті жетілдіру;

3) «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, өңірлік инвестициялық ахуалды жақсарту;

4) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің шетелдегі мекемелерінің жұмысын жандандыру;

5) KazneX Invest өкілдіктерін құру.

Бұдан басқа, Қазақстанның қайта өндіреуші секторына кемінде 10 ТҰК тарту және үлттық экономикаға қайта инвестициялар ағынын ұлғайту жөніндегі міндеттер шешілетін

б о л а д ы .

Алға қойылған міндеттерді іске асыру мынадай бағыттарда жүргізіледі.

Бірінші бағыт – «елдік тәсіл» – басым елдермен, оның ішінде Қытай Халық Республикасымен, Ресей Федерациясымен, Иранмен және Түркия Республикасымен инвестициялар тарту жөніндегі елдік бағдарламаларды іске асыру. Бұл ретте екіжақты инвестициялық ынтымақтастықты белсенді ілгерілету үшін бірлескен жобалардың тұрақты мониторингі жүргізіледі және Қазақстан Үкіметі мен көрсетілген елдер тарапынан әрбір жоба бойынша жан-жақты қолдау көрсетілетін болады.

Екінші бағыт – жұмыс істеп жатқан инвесторларды қолдау (қайтадан инвестиациялар). Кейіннен жаңа өнім түрлерін жасауды немесе қолданыстағы өндірістерді кеңейтуді қайтадан инвестиациялау үшін инвесторларға жан-жақты, оның ішінде туындастырылған проблемаларға жедел ден қою әрі оларды инвестиациялық омбудсменнің шешуі арқылы қолдау көрсетілетін болады.

Үшінші бағыт – мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) тетігі арқылы инфрақұрылымдық инвестиацияларды тарту.

Инвесторлар үшін жаңа мүмкіндіктер аштын мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы Қазақстан Республикасының жаңа Заны қабылданатын болады. Бұл МЖӘ саласындағы жобаларды белсенді іске асыруға арналған заңнамалық негіз.

Бұл үшін жұмыс инфрақұрылымдық ірі жобаларды іске асыруға шоғырланыратын

б о л а д ы .

Инвесторларды іздестіруді жеделдету мақсатында «Бәйтерек» үлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ) жанынан жобаларды қаржыландыру және әзірлеу бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу үйимдастырылады.

Мемлекеттік органдар мен үлттық компаниялар кейіннен инвесторларды іздестіре отырып, іске асырылуы МЖӘ тетіктері арқылы жүзеге асырылатын жобалар тізбесін айқындауда

қ а ж е т .

Төртінші бағыт – жекешелендіру. Бұл бағыт шенберінде ел экономикасын дамытуды қаржылай қолдаудың жаңа шараларын енгізу мәселесі пысықталатын

б о л а д ы .

Бұдан басқа, қазіргі кезде белсенді келіссөздер жүргізіліп жатқан Google сияқты технологиялық ірі компанияларды тарту, сондай-ақ Фраунгофер институты және т.б. сияқты мамандандырылған жетекші үйимдармен бірлескен кәсіпорындар құру жоспарлануда. Нәтижесінде бұл компаниялар Қазақстан үшін зәкірлік инвесторларға айналмак .

Экономиканы дамыту және инвестицияларды ынталандыру мақсатында қолайлар инвестиациялық ахуал жасау үшін мемлекеттік қолдаудың мынадай шаралары

ұсныладын

б о л а д ы .

3.1. Бірінші деңгейдегі қолдау шаралары (базалық пакет)

Инвестициялық жоба бойынша инвестициялық преференциялардың мынадай түрлері ұснылады:

1) технологиялық жабдықты, олардың жиынтықтаушы және қосалқы бөлшектерін, шикізатты және (немесе) материалдарды импорттау кезінде кедендік баж салудан және инвестициялық келісімшарттар шенберінде шикізат және (немесе) материалдар импортына салынатын қосымша құн салығынан босату;

2) мемлекеттік заттай гранттар.

Инвестор бұл преференцияларды алу үшін ойын бизнесін, жер қойнауын пайдалануды, сондай-ақ акцизделетін тауарлар өндірісін қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын қызмет түрлерінің біріндегі қызметті жүзеге асыруға тиіс.

3.2. Екінші деңгейдегі қолдау шаралары.

Инвестициялық жоба (оның ішінде инвестициялық басым жоба) бойынша инвестициялық преференциялардың мынадай түрлері ұснылады:

1) технологиялық жабдықты, оның жиынтықтаушы және қосалқы бөлшектерін, шикізатты және (немесе) материалдарды импорттау кезінде кедендік баж салықтары наан босату;

2) мемлекеттік заттай гранттар;

3) салық бойынша преференциялар (корпоративтік табыс салығын (бұдан әрі – КТС) төлеуден – 10 жылға, жер салығынан – 10 жылға, мұлік салығынан – 8 жылға босату);

4) инвестициялық субсидия (инвестордың күрделі шығындарының 30 %-ына дейін). Бұл ретте аталған жобалар үшін салық мөлшерлемелерін ұлғайтуға қатысты (қосылған құн салығы (бұдан әрі – ҚКС) мен акциздерден басқа) және халықты жұмыспен қамту саласындағы заңнаманың орнықтылығына кепілдік пен шетелдік жұмыс күшін тартуға құқық беріледі.

Инвестициялық басым жоба дегеніміз Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын қызметтің белгілі бір басым түрлері бойынша жаңадан құрылған заңды тұлға іске асыратын әрі респубикалық бюджет туралы заңда белгіленген және инвестициялық преференцияларды алуға өтініш берілген құні қолданылатын айлық есептік көрсеткіштің кемінде екі миллион еселенген көлемі мөлшерінде инвестициялардың жүзеге асырылуын көздейтін инвестициялық жоба. Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі инвестициялық преференцияларды ұснуға өтінім берілген қунға дейін күнтізбелік жиырма төрт айдан ерте жүзеге асырылмауға тиіс.

3.3. Үшінші деңгейдегі қолдау шаралары.

Барлық АЭА қатысушылары үшін мынадай салық жеңілдіктері көзделген:

1) К Т С - тан босату;

2) жер салығынан босату;

3 ) мұлік салығынан босату;  
4) АЭА аумағына өндіру процесінде толықтай тұтынылатын тауарларды өткізген  
ке з д е ККС - та н босату.

### 3.4. Инвестициялық омбудсмен

Инвесторлардың құқықтарын қорғау үшін, оның ішінде сотқа талап-арыздарды  
болдырмау үшін Инвестициялық омбудсмен институтының жұмыс істеуі жалғасады,  
оның негізгі міндеттері мүнделар:

1) инвесторлардың өтініштерін қарау және оларды шешу үшін, оның ішінде  
мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып ұсынымдар шығару;

2) туындастын мәселелерді соттан тыс және сотқа дейінгі тәртіппен шешуде  
инвесторларға жәрдем көрсету;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын жетілдіру бойынша  
ұсынымдар әзірлеу және енгізу болып табылады.

### 2. Экспортты дамыту және ілгерілету

Нарық көлемін, қашықтықты және сауда факторларын ескере отырып, өндеуші  
өнеркәсіп өнімін экспорттаудың негізгі бағыты ЕАӘО және Орталық Азия елдері,  
Ауганстан, Иран, Кавказ елдері, Қытайдың батыс өңірлері болады. Шекара маңындағы  
өнірлер және тұтастай, Ресей Федерациясының нарығы ерекше рөл атқарады, оларда  
өндеуші өнеркәсіптің импортында қазақстандық өнімнің үлесі ұзақ мерзімді  
перспективада 6 %-ға жетуге тиіс. Сондай-ақ саудаға қатысушы елдердің ҚҚТ кіру  
арқылы «Жаңа Жібек жолы» жобасының әлеуеті пайдаланылады.

Экспорттың саясатты жетілдіру, оның ішінде оны үйлестіру тиімділігін арттыру  
бөлігінде жетілдіру бойынша шаралар қабылданады.

Экспортты дамыту және ілгерілету жүйесіне жалпы ұлттық тәсілдер қолданылатын  
болады. Бұл ретте министрлердің және облыстар мен қалалар әкімдерінің  
орынбасарларына өздері жетекшілік ететін салалардағы экспорттың көрсеткіштері  
үшін жауапкершілік жүктелетін болады.

«Қазақстандық тауарлардың сыртқы нарықтарға экспорттың ілгерілетуге  
жәрдемдесу» бағдарламасы шеңберінде экспортқа бағдарланған отандық  
компанияларға экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы ұлттық институттың  
базасында «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады.

Бұл үшін экспортты сервистік және қаржылай қолдау жұмыстары, сондай-ақ  
мүнделар жа л ғ а с а д ы :

### 1. Ақпараттық-талдамалық сұйемелдеу.

Өндеуші салалардың экспорттаушыларына елдің экспорттың әлеуеті және әлеуетті  
өткізу нарықтары туралы ақпарат ұсыну (елдік, салалық шолу, арнайы мақсаттағы  
бриф-талдаулар, өнірлер бойынша шолулар). Әлемдік сауда дамуының негізгі  
үрдістерінің мониторингі (TradePerformance). Export.gov.kz. интернет-порталын дамыту  
және ілгерілету. Қазақстандық экспорттаушылар үшін оқыту тренингтерін, оқу

**2. Экспортты ілгерілету жөніндегі іс-шаралар.**

Қазақстандық шикізат емес экспортты ілгерілету жөніндегі таныстыру іс-шараларын үйымдастыру және өткізу (сауда миссиялары, отандық тауар белгілерін таныстыру, кәсіпорындардың шетелдік көрмелерге, оның ішінде ұлттық стенд нысанында қатысуы). Отандық өндірушілердің өнімін гуманitarлық сатып алу нарығына ілгерілету (гуманитарлық үйымдардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан біліктілік алдындағы инспекция, гуманитарлық сатып алу мәселелері бойынша оқыту, отандық кәсіпорындардың халықаралық мамандандырылған көрмелерге қатысуы).

**3. Экспорттық қабілетті дамыту.**

Өнірлік экспорттаушылар кеңестерін және Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі жаңындағы Экспорттаушылар кеңесін өткізу. «Қазақстанның экспорттық өнімі» анықтамалығын орыс және ағылшын тілдерінде, «Экспорттаушыға көмек» нұсқаулық материалдарын орыс және қазақ тілдерінде дайындаپ, басып шығару. Бұып-түю индустриясы нарығын дамыту (оқу турлары/өндірістік тағылымдамалар, үйрету семинарлары/дөңгелек үстелдер, конференциялар).

**4. Экспорттаушыларды шетелде қолдау.**

Басым елдерде – стратегиялық ірі нарықтарда шетелдегі экспорт пен сауданы ілгерілету жөніндегі өкілдіктер желісін ашу мәселесі пысықталатын болады.

**5. Отандық өндөлген тауарларды ілгерілету бойынша индустриялық-инновациялық қызмет субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу:**

- 1) отандық өнімді шетелде жарнамалау шығындары;
- 2) шетелдік көрмелерге, жәрменкелерге, фестивальдерге тікелей қатысу;
- 3) каталог әзірлеу және басып шығару;
- 4) шетелде өкілдікті, сауда нұктесін, қойманы ұстau;
- 5) шетелде тауар белгілері мен өнімдерді тіркеумен байланысты рәсімдерді жүргізу;
- 6) өнімді шетелде сертификаттауға байланысты рәсімдерді жүргізу шығындары.

Қазақстандық экспорттық 3-4 бренд жасау және өткізу мақсатында мынадай бағыттар бойынша жұмыс жүргізіледі:

- 1) консалтингтік және сарапшылық қолдауды тарта отырып, нысаналы нарықтарда шатырлы брендтер жасау және ілгерілету;
- 2) нысаналы нарықтарда отандық өндіруші компаниялардың бәсекеге қабілетті брендтерінің танымалдылығын ынталандыру (жарнамалық-таныстыру іс-шаралары, сауда желілері мен сауда үйлері арқылы жылжыту).

**6. Экспорттаушыларды қаржылай қолдау.**

Экспорттаушыларды кешенді қолдау мақсатында экспорттау операцияларын коммерциялық және саяси тәуекелдерден сақтандыру, сондай-ақ экспорттық және экспорт алдындағы қаржыландыру белгінде отандық экспорттаушы кәсіпорындарды қолдау жөніндегі функциялары бар «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес үйымының

базасында бірыңғай экспорттық агенттік «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» акционерлік қоғамын (бұдан әрі – ҚазЭкспортГарант) құру мәселесі пысықталады болады.

ҚазЭкспортГарант құралдарының желісін кеңейту мәселесі пысықталады, онда қаржылық-сақтандырушылық қолдау экспорттық және экспорт алдындағы қаржыландыру арқылы экспорттаушылардың қаржыландыруға қолжетімділігін үлғаятуда ықпал етеді.

Бұдан басқа, ҚазЭкспортГаранттың экспорттық-кредиттік агенттік ретіндегі мәртебесін жоғарылату мақсатында ҚазЭкспортГарантқа тәуекелдерді сақтандыру сыйымдылығын ұлғайту тетігін ұсыну мүмкіндігі қаралатын болады. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру (занды тұлғаның міндеттемелері бойынша занды тұлғаның меншікті қаражаты жеткіліксіз болған кезде ғана жүзеге асырылуы мүмкін төлемдер) және/немесе жарғылық капиталды ұлғайту тетігі пысықталады.

Бұдан басқа, ҚазЭкспортГарантқа Экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы ұлттық даму институтының экспорттаушыларды сервистік қолдау бөлігіндегі функцияларын беру мәселесі пысықталады.

Барлық аталған шаралар Қазақстанның халықаралық міндеттемелеріне сай келеді, атап айтқанда, ЭҮДҰ-ның негізгі қағидаттары мен стандарттарына сай келеді, сондай-ақ назарды өз экспорттың қолдау тетіктері мен құралдарын пайдаланатын ДСҰ-ға мүше мемлекеттердің тәжірибесіне аударады.

Бұдан басқа, ЕДБ-ны қорландыру және «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры» АҚ субсидиялау есебінен экспорттық мәмілелерді қолайлы жағдайларда қаржыландыру арқылы отандық өнімнің бәсекелік артықшылықтарын жоғарылату мақсатында қаржыландырудан кейінгі мөлшерлемелерді субсидиялау тетігі пысықталады.

«Қазақстан Даму банкі» АҚ қызметі экспорттық әлеуеті жоғары ірі жобаларды кредиттеуге, сондай-ақ өндөлген тауарлардың экспорттық операцияларын кредиттеуге бағдарланатын болады.

### 3. Еңбек өнімділігін арттыру

Еңбек өнімділігін ынталандыру жүйесін жетілдіру өндеуші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігінің өсуін айқындауши фактор болады.

Бұл жұмыс нормативтік құқықтық құжаттарға өзгерістер арқылы шешілетін жүйелі міндеттерді анықтауға бағытталған еңбек өнімділігін арттыру факторларын тұрақты талдау негізінде жүргізілетін болады.

Еңбек өнімділігінің өзгеруін бағалау өлшемшарттарын мемлекеттік қаржылай қолдаудың барлық құралдарын ұсына отырып, ұлттық басқарушы холдингтер және даму институттары енгізеді.

Индустримальық-инновациялық қызмет субъектілерінің еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдау құралдары өндеуші кәсіпорындарды және онымен аралас өнімді көрсетілетін қызметтер секторы тарихи шығындарының орнын толтыру

арқылы өз құзыреттілігін, өндірісті үйымдастырудың тиімділігін арттыруға, технологиялық процестерді жетілдіруге және т.б. бағытталған ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру және мемлекеттік қолдау шараларын беру арқылы өзінің өнімділігі мен өндірісінің тиімділігін арттыруға ынталандыруды көздейді.

Индустримальық-инновациялық қызмет субъектілерінің еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған және өзінің бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін арттыруға ұмтылатын кәсіпорындарды сервистік және өзге қолдаудың негізгі құралы болып табылатын мемлекеттік қолдауды оңтайландыру бойынша жұмыс жалғасады.

Осы жұмыс шеңберінде индустримальық-инновациялық қызмет субъектілеріне «ҚИДИ» АҚ – индустрияны дамыту саласындағы ұлттық институттың базасында шығындардың бір бөлігін өтеу түрінде мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады. Бұл ретте, өтеуді ұсыну процесін қоғамдық сыртқы бақылау рөлі «Атамекен» ҰКП-ға жүктелген. Ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру операторы «Қазақстан Даму банкі» акционерлік қоғамының еншілес үйымы «БРК-Лизинг» акционерлік қоғамы болып та б ы л а д ы .

Индустримальық-инновациялық қызмет субъектілерінің еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдау шеңберінде индустримальық-инновациялық қызмет субъектілерінің шығындары өтелетін экономиканың басым секторларының тізбесін, сондай-ақ индустримальық-инновациялық қызмет субъектілеріне ұсынылатын мемлекеттік қолдау шаралары бөлінісіндегі шығындар түрлерін қоса алғанда, оны іске асырудың өзге де құжаттарын индустримальық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

Шығындардың түрлері бойынша олардың баптарының тізбесін индустримальық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган алдын ала мақұлдағаннан кейін индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму и н с т и т у т ы бекітеді .

2017 жылдан бастап шығындарды өтеу тетігіне өтінімдерді онлайн қабылдау мұмкіндігі д е к і р е д і .

Көрсетілген тәсілдерді іске асыру үшін нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгерістер енгізілетін болады .

Ел халқының санаасында отандық тауарларды тұтынудың және елдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін дамытуға үлес қосудың жағымды тұстарын қалыптастыру мақсатында жергілікті қамтуды дамыту саласындағы ұлттық даму институты сапалы, сұранысқа ие өнімді өндіретін өнеркәсіптік кәсіпорындарды қолдау бойынша әлеуметтік идеологиялық материалдармен іс-шараларды жасауды және таратуды жүргізеді.

#### 4 . И н т е г р а ц и я л ы қ с а я с а т

ЕАЭО Қазақстан экономикасының тұрақты дамуы үшін қолайлар жасауға ықпал ететін маңызды интеграциялық бірлестік болып табылады.

ЕАЭО шеңберінде ортақ экономикалық қеңістіктің жұмысы үшін құқықтық база жұмыс істейді. Мұше мемлекеттер өнеркәсіптік ынтымақтастықты жүргізетін болады.

Өнеркәсіптік коопeraçãoны ынталандыру және жаһандық КҚТ жасау көзделді, олар бойынша басым бағыттар бойынша ЕАЭО-да барынша пайдалы өнеркәсіптік коопeração үшін құралдар ұсынылады.

Сондай-ақ, ЕАЭО туралы шарттың 88-бабын іске асыру үшін тең қолжетімділік және әділ сауда жағдайларында Қазақстан ЕАЭО-ға мұше мемлекеттердің мемлекеттік және муниципалдық сатып алуына практикалық қолжетімділікті қамтамасыз етуі қажет

Осыған байланысты, өнеркәсіптік коопeraçãoны қолдау, өндеші өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігі деңгейін арттыру және дамуын ынталандыру мақсатында кешенді ақпараттық-технологиялық, техникалық сүйемелдеуді және мемлекеттік ақпараттық жүйелердің, оның ішіндегі: оның ішіндегі:

1) «Қазақстандық тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің интернет-порталы» мемлекеттік ақпараттық жүйесінің;

2) «Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі» мемлекеттік ақпараттық жүйесінің функционалын кеңейтуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қолданыстағы ақпараттық жүйелердің бірыңғай интеграциялану тетігі әзірленеді.

Кедендей-тариф саясатын іске асырған, сондай-ақ еркін сауда аймақтары туралы келісімдер мен үшінші елдермен ЕАЭО-ның өзге де преференциялық келісімдерін жасасу бойынша қызметті жүзеге асырған кезде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік мұддесін ескеру қажет.

Қазақстан 2015 жылдан бастап ДСҰ мүшесі болды, бұл ел үшін көптеген артықшылық береді: сыртқы нарықтарда кемсітпеушілік тәсілі, ашықтық, инвестициялар мен сауда үшін қолайлы ахуал; сонымен қатар көрсетілетін мемлекеттік қолдаудың көлемі мен түрлері бойынша шектеулер.

Бағдарлама шеңберінде отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне жол бермеу және ДСҰ мен ЕАЭО қағидаларына сәйкестігі мақсатында өнеркәсіпті мемлекеттік қолдау жүйесі қайта қаралатын болады.

Қазақстанның мұдделерін ескере отырып, индустрияны дамыту саласындағы үлттық институттың қолдауымен мемлекеттік органдар мен жеке бизнес үшін консультациялық көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін өнеркәсіптік ынтымақтастық бөлігінде интеграциялық процестерді сарапшылық сүйемелдеу бойынша жұмыс күштейтілетін болады.

## 5. Инновациялық-технологиялық даму

Отандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің ағымдағы деңгейін, инфрақұрылымның технологиялық әзірлігін, сондай-ақ адами капиталдың деңгейін

ескере отырып, 2050 жылға қарай әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 30 елінің деңгейіне уақтылы қолжеткізу үшін ұлттық инновациялық жүйені кезең-кезеңімен дамыту

ұсылады.

Бірінші кезеңде меншікті инновацияларды дамыту үшін құзыреттілік пен инфрақұрылымды құруды бастау қажет.

Бұл кезеңді іске асыру мынадай бағыттарда жүреді:

Бірінші бағыт – өндірістік процесте жаңа тәсілдерді (автоматтандыру, роботтандыру, цифрлық модельдеу, симуляция мен визуализация және т.б.) қолдану, энергия тиімділігі және ресурстарды үнемдеу бойынша озық технологияларды енгізу арқылы ауыл шаруашылығы, тау-кен металлургиясы кешені, көлік және мұнай химиясы сияқты экономиканың дәстүрлі (базалық) секторларын технологиялық жаңғырту. Жаңғыртудың негізгі талабы осы бағыттағы технологиялық көшбасшы елдердің ұқсас кәсіпорындарының деңгейіне қол жеткізуді қамтамасыз ету болады.

Екінші бағыт – Қазақстан Республикасы үшін экспорттық және инновациялық әлеуеті жоғары жаңа энергетика, жаңа материалдар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, биотехнологиялар сияқты экономиканың жаңа бағыттарын құру. Бұл ретте әлемдік ғылыми және технологиялық трендтер тұрақты негізде қадағаланатын

болады.

Үшінші бағыт – 4-ші өнеркәсіптік революцияға өту үшін алдын ала дайындық. McKinsey Global Institute деректері бойынша қазіргі кезде әлемдік ЖІӨ-нің 1,7 трлн. АҚШ долларының интернет технологияларға қатысы бар, өнеркәсіптік интернетке қосылуы мүмкін (M2M) 1 трлн. құрылғы бар. 2025 жылы M2M технологияларының әлем экономикасына ықпалы орта есеппен 6 трлн. АҚШ долларын құрайды.

Бағдарламаны іске асыру кезеңінде инновациялық-технологиялық даму саясаты мынадай тетіктер арқылы жүзеге асырылатын болады.

Біріншіден, технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институтының қызметі инновациялық-технологиялық даму саясатын іске асыру шеңберінде мынадай бағыттарды іске асыруға бағдарланатын болады:

1) технологиялық құзыреттіліктерді дамыту. Мақсаты – индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің озық технологиялар туралы хабардарлығын арттыру және оларды қолданудың тәжірибелік дағдыларына үйрету;

2) шағын технологиялық компанияларды инкубациялау. Мақсаты – ең жаңа ғылыми білімдерге және/немесе озық технологияларға негізделген стартаптарды қолдау және ілгерілеу;

3) өндірістік секторды технологиялық жаңғырту. Мақсаты – кәсіпорындардың технологиялық деңгейін арттыру, олардың технологиялық міндеттерін шешу.

Аталған бағыттарды тиімді іске асыру мақсатында ақпараттық-талдамалық қызметті, технологиялық болжамдауды, инновациялық гранттар ұсынуды, инновациялық белсенділікті ынталандыруды және инновациялық қызметті

насихаттауды қоса алғанда, инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы шараларын ұсыну бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

Екіншіден, экономиканың басым секторларында технологияларды (құзыреттерді) дамыту орталықтарын дамыту ұсынылады, олардың қызметін стратегиялық әріптестермен (ТҮК) әріптестік жасай отырып не тиісті салалардағы ірі отандық кәсіпорындардың құрамындағы консорциумдардың күшімен (жаңа немесе жұмыс істеп тұрган салалық ғылыми-зерттеу орталықтарының базасында) үйымдастыру ұсынылады. Технологияларды (құзыреттерді) дамыту орталықтарының рөлі экономика салаларында ғылыми-техникалық прогресс нәтижелерін енгізуге сайып келеді, бұл ретте әлемдік технологиялық трендтердің мониторингіне ерекше назар аударылады.

Айталық, «Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қоры шеңберінде 2019 жылға дейін тау-кен metallurgиясы кешені бойынша «Ақылды индустрия», «Жаңа материалдар және аддитивті технологиилар», «Ақылды орта», «Қаржылық технологиилар», «Жаңа энергетика және таза технологиилар» бағыттары бойынша технологииларды (құзыреттерді) дамытуудың 5 орталығын құру жоспарлануда.

2016 жылы Индустриялық интернет (Төртінші өнеркәсіптік революция – «Индустрия – 4.0») бойынша ең жаңа шешімдерді тестілей отырып автоматтандыру және терендетілген талдау бойынша тау-кен metallurgиясы кешені бойынша технологииларды дамыту орталығының 4 модулінің алғашқысын іске қосу жүзеге асырылатын болады. 2016 – 2019 жылдары жаңа материалдар және аддитивті технологиилар бойынша ұқсас орталық (мұнай өндеу саласының өнімдерінен жаңа композиттік материалдар, сондай-ақ аддитивті технологиилар арқылы бірегей бөлшектер алу), Ақылды технологиилар орталығы (5G, интернет құралы, ақылды орта), Қаржылық технологиилар орталығы (Blockchain, eGov – Asset management, private placement market, банкаралық аударымдар), Жаңа энергетика және таза технологиилар орталығы (энергияны сақтау жүйесіне назар және гибридті элементтер) іске қосылатын болады.

Қажет болған жағдайда, экономиканың басым секторларында технологииларды дамыту орталықтары құрылады.

Назарбаев Университетінің Астана бизнес кампусы шеңберінде АҚШ-та жұмыс істейтін ұлттық зертханалар қағидаты бойынша ел үшін стратегиялық тұрғыдан маңызды ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруға арналған инфрақұрылым құру болжаңады.

Технологияларды дамыту орталықтарын құру экономиканың барлық салалары мен секторларында технологииларды саясатты әзірлеуге мүмкіндік береді, оларды іске асыру үшін салаларды дамытуудың технологиялық жол карталары әзірленетін болады.

Салаларды дамытуудың ежей-тегжейлі жол карталары барлық мүдделі тараптарды: білім және ғылым қоғамдастығын, жеке сектор өкілдерін, инновациялық

инфрақұрылым обьектілерін, отандық және шетелдік инвесторларды, даму институттарын және басқаларды тарта отырып әзірленетін болады. Экономика секторларының технологиялық әзірлік деңгейін және ерекшелігін ескере отырып, даму институттарын мемлекеттік қолдау, сондай-ақ заңнамалық сипаттағы шаралар үснұлатын болады.

Экономиканың салалары мен секторларында мемлекеттік технологиялық саясатты үйлестіруді технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институты жүзеге асырады.

Осыланысты, технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институты экономиканың салалары мен секторларында технологиялық саясатты қалыптастыру жөніндегі бірыңғай (біріздендірілген) әдіstemені қалыптастырады, ал индустримальық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орған оны бекітеді.

Үшіншіден, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жоғары технологиялық өнімдерді (тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді) сатып алу тетігін дамыту арқылы инновацияларға сұранысты қамтамасыз ету мәселесі жүйелі шешіледі. Осыланысты, ірі ұлттық компаниялардың қатысуымен қазіргі нақты технологиялық міндеттерді шешуге отандық және шетелдік стартап компанияларды тарту бойынша жыл сайын конкурстар откізілетін болады.

Осылайша, шетелдік стартаптарды қоса алғанда (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдеріне назар), 500 стартапты, сондай-ақ стартаптарға салынатын инвестицияларды басқару, қажетті инфрақұрылымдық жағдайлар жасау үшін үздік халықаралық венчурлік қорлар мен акселераторларды тарту мақсатында «Стартап Қазақстан» бағдарламасы іске қосылады.

«Стартап Қазақстан» бағдарламасы үш кезеңде іске асырылады.

1-ші кезеңді іске асыру (салу алдындағы деңгей) – шетелдік стартаптарды қоса алғанда (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдеріне назар аудыра отырып) 500 стартаптарту 2018 жылға қарай жетекші өнірлік стартап-хаб құруға мүмкіндік береді.

2-ші кезең (салу деңгейі) – акселерация бағдарламаларының көмегімен 150 бәсекелес стартапты (оның ішінде 1-ші кезеңге қатысуышылар арасынан) тарту және іріктеу ұлттық инновациялық экожүйенің маңызды элементін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды кезең – 50 стартап компанияны, оның ішінде сауданың 50 %-дан астамын Қазақстан Республикасының шегінен тыс іске асыратын қазақстандық 20 технологиялық компанияны инкубациялау.

«Стартап Қазақстан» бағдарламасын қаржыландыру тетіктері:

1) стартаптарға салынатын инвестицияларды басқару үшін үздік халықаралық венчурлік қорларды тарту (өз юрисдикциясында жұмыс істеу құқығымен кейіннен «Астана» халықаралық қаржы орталығына ауысу арқылы);

2) стартаптар дайындау үшін әлемдік деңгейдегі бағдарламаларды (Кремний

жазығынан) тарту (акселерациялау).

Аталған бағдарламаны іске асыру Қазақстанда мынадай бағыттар бойынша креативті кәсіпкерлікті және креативті экономиканы дамытуға тұрткі болады:

1) кәсіпкерлік дағдылары мен «рухы» бар креативті таланттар тәрбиелеу;

2) экономиканың құрылымын өзгерту бойынша қозғаушы күш болуға жарамды технологиялық стартаптардың сындарлы мөлшерін қалыптастыру;

3) креативті экономикаға арналған тұғырнамаларды жандандыру – креативті экономика үшін экожүйелер қалыптастыру үшін хабтар құру;

4) технологиялық шешімдердің жаһандық тізбегіне бір мезгілде кіру арқылы басым секторларда жаңа өндірістер құру.

Төртіншіден, инновациялық инфрақұрылымды дамыту бойынша жұмыс 2016 – 2020 жылдарға арналған жекешелендірудің кешенді жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын болады. Сондай-ақ географиялық орналасуын ескере отырып, технологиялық парктарді бәсекелес ортаға беру мәселесі пысықталатын болады, мемлекеттің қатысуымен құрылған қолданыстағы конструкторлық бюоролар базасында жаңа өнімдер (тәжірибелік үлгілер мен партиялар) өзірлеуге, кәсіпорындарда қолданылатын технологияларды жетілдіруге және үздік әлемдік технологияларды жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар жағдайларына бейімдеуге арналған тәжірибелік-эксперименттік участкесі бар инжинириングтік орталық құрылады.

## 6. Кластерлік дамуды ынталандыру

Кластерлік тәсілдерді іске асыру өнеркәсіптік дамуға, бәсеке қабілеттілікке және экономиканың тиімділігіне жәрдемдесудің маңызды құралы болып танылған.

Индустримальық-инновациялық даму саласындағы үәкілдегі орган және индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институты Дүниежүзілік Банктің институционалдық қолдауымен аумақтық кластерлерді дамытуға шоғырландырылады.

Индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институтын аумақтық кластерлерді дамыту операторы ретінде айқындау мәселесі пысықталады.

Кластерлеу процесі нарық субъектілерінің өзара іс-қимылын дамытуға, технологиялық жаңғыртуға, өсідің нарықтық стратегияларына, жұмыс тиімділігі мен елдің барлық өнірлерінің даму қажеттіліктерін ескере отырып жеделдетілген инновациялық дамуға бағытталған.

Бағдарламаны іске асыру кезеңінде мемлекет кемінде алты пилоттық аумақтық кластерді және мұнай мен газды өндіру мен өндеу, мұнай-газ химиясы, онымен байланысты машина жасау және мұнай-газ өнеркәсібі үшін сервистік көрсетілетін қызметтер бойынша бір ұлттық кластерді (бұдан әрі – Ұлттық кластер) дамытуға және теңгерімді қолдауға шоғырланады.

Индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институты Дүниежүзілік Банкпен бірлесіп, аумақтық кластерлерді дамыту саясатын өзірлеу және іске асыру кезінде ақпараттық-әдістемелік қолдау көрсетеді, аумақтық кластерлерді конкурсның іріктеу

процесін ұйымдастыру мен іске асыруды, кластерлерді үйлестірушілерді үйлестіруді, оқыту мен ұстауды жүзеге асырады, сондай-ақ кластерлік даму және аумақтық кластерді дамыту бойынша жұмыс жоспарларын іске асыру бойынша бастамаларды мониторингтеуді және бағалауды жүргізеді.

Аумақтық кластерді дамытудың барлық кезеңдерінде нақты өңірлерде қолайлыш инвестициялық және бизнес ахуалды жасау үшін жауапты және кластерлердің тиімді әрекет етуіне мүдделі жергілікті билік органдары өкілдерінің, сондай-ақ кластерлерді дамыту бастамалары мен олардың бәсекелік жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шаралардан түпкілікті артықшылық алушылар болып табылатын жеке сектордың қатысуы маңызды.

Көсіпорындардың рөлі аумақтық кластерді конкурсның іріктеуге қатысу үшін өтінім әзірлеуге, сондай-ақ аумақтық кластерлерді дамыту бойынша жұмыс жоспарларын әзірлеу мен іске асыруға қатысудан тұрады.

Кластерлердің құру мен аумақтық кластерді конкурсның іріктеуге қатысуға өтінім беру, аумақтық кластерлерді дамыту бойынша жұмыс жоспарларын әзірлеу мен сүйемелдеу бастамашысының рөлін кәсіпкерлік субъектілері, өңірлік кәсіпкерлер палаталары, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар, арнағы экономикалық аймақтардың басқарушы компаниялары, бизнес- қауымдастықтар атқара алады.

Кластердің қосылған құны тізбегінің өнірлік жүйесінің қатысушылары бола отырып, бизнес үшін көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар (ғылыми-зерттеу институттары, университеттер, техникалық оқу орындары және т.б.) аумақтық кластерді конкурсның іріктеуге қатысу үшін өтінім әзірлеуге, аумақтық кластерлерді дамыту іс-шараларының жоспарларын іске асыру кезінде белсенді өзара іс-қимыл жасауда тартилуды мүмкін.

Индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институты Дүниежүзілік Банктің қолдауымен аумақтық кластерлерді дамыту саясатын іске асырудың әдіснамалық негізін, оның ішінде өнірлерді бағалау мен секторларды талдауды, сол сияқты қандай да бір кластерді дамытудың орындылығын айқындайтын конкурсның іріктеу өлшемшарттарын бағалауды ескере отырып әзірлейтін болады.

Аумақтық кластерлерді дамыту бойынша таңдалған өтінімдер стратегиялық талдауды және қосылған құн тізбегі, бизнестің жаһандық және елшілік үрдістері бойынша бәсекелес серпінді бағалау жөніндегі іс-шараларды, өсу үшін кедергілер мен бәсекеге қабілеттілікті арттыру мүмкіндіктерін үйлестіретін бірқатар әдістемелік кезеңдерден өтеді.

Мемлекеттік қолдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен ұйымдар белгіленген тәртіппен аумақтық кластерді дамыту жөніндегі жұмыс жоспарларын іске асыруға ықпал ететін барлық қажетті шараларды қабылдайды, оның ішінде мынадай бағыттар бойынша, қаржылай және қаржылай емес мемлекеттік қолдау шараларын көрсету, стратегиялық жобаларды қаржыландыру арқылы:

1) жаһандық қосылған құн тізбектеріне интеграцияны арттыру және оның бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату жолдарын айқындау мақсатында кластер қатысушыларының коопeraçãoсы мен ынтымақтастығын қолдау және дамыту;

2) кластер қатысушылары үшін машықтар жинағы мен мамандардың қолжетімділігін арттыру мақсатында кластердің адами ресурстарын дамыту;

3) кластерді қатысушылардың санын арттыру арқылы оның ішінде: жобалар үшін бизнес-инкубаторлар құру; шетелдік инвесторларды тарту; кластерге жаңа қатысушыларды тарту үшін халықаралық форумда ақпараттық-жарнамалық науқан жүргізу

арқылы

кеңейту;

4) өнімдік, процестік инновацияларды және көрсетілетін қызметтер саласында инновацияларды дамыту мақсатында инновациялар мен технологияларды дамыту, оның ішінде: мамандандырылған инженерингтік үйымдар құру; жаңа өнімдерді өзірлеу үшін технологиялық алаңдар құру (тәжірибелік үлгілер мен партиялар); кәсіпорындарда бар технологиялар кластерін жетілдіру және үздік әлемдік технологияларды жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың жағдайына бейімдеу; кластер қатысушыларының F3TKЖ бойынша бірлескен жобаларын өзірлеуді қамтамасыз ету (ғылыми-зерттеу институттарын, білім беру мекемелері мен кәсіпорындарын тарта отырып); өнертабыстарды патенттеу бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

5) бизнес-ахуалды және инфрақұрылымды жақсарту, оның ішінде кластер шенберінде бизнесті жүргізу үшін жағдайларды жетілдіру мақсатында МЖӘ шарттарында жақсарту, оған өңірлердегі энергетикалық, телекоммуникациялық, коммуналдық және көліктік инфрақұрылымға қолжетімділікті қамтамасыз ету; жасалатын жалпы пайдаланымдағы объектілерді, оның ішінде энергетикалық, телекоммуникациялық, коммуналдық және көліктік инфрақұрылымды бірлесіп пайдалану; кластер кәсіпорындары (сынақ базалары және/немесе зертханалар, оның ішінде сертификаттау зертханалары) шығаратын, оның ішінде Кеден одағының техникалық регламенттерінің талаптарын қамтамасыз ету үшін өнімнің сапасын арттыруға жәрдемдесу арқылы қол жеткізіледі;

6) тұтастай кластерді дамыту үшін басқа да өзіндік нақты іс-шаралар бойынша қаржылай және қаржылай емес мемлекеттік қолдау шараларын көрсету, стратегиялық жобаларды қаржыландыру және бірлесіп қаржыландыру арқылы барлық қажетті шаралар

қабылданады.

Кластерлік процестің барлық қатысушыларына құжаттарды дайындау және ақпаратты жариялау жолымен әдіснамалық және ақпараттық қолдау көрсетілетін болады.

Бағдарлама шенберінде Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарының аумағында Үлттық кластерді дамыту жалғасады.

Кластерлерді дамыту жөніндегі мемлекеттік шараларды іске асыру аумақтық

кластерді дамыту жөніндегі жұмыс жоспарларына және Ұлттық кластерді дамыту стратегиясына сәйкес жүзеге асырылады.

## 7. Техникалық реттеу және метрология

Техникалық реттеу жүйесінің тұтастығын және бірлігін сақтау мен дамыту және ДСҰ мен ЕАЭО талаптарын қамтамасыз ету мақсатында секторлардағы стандарттарды, сондай-ақ салалық заңнаманы өнімге қойылатын талаптарды өздігінен нормалауға және нормативтік құқықтық актілерде техникалық және технологиялық нормаларды белгілеуге мүмкіндік беретін алып қоюларды алып тастау жолымен құқықтық нормалаудың техникалық және технологиялық нормалаудан аражігін нақты ажырату түрғысынан талдау және жүйелендіру жүргізу жоспарланған.

Экономика салаларын үдемелі индустриялық дамыту үшін халықаралық талаптарды ескере отырып, ұлттық және мемлекетаралық стандарттардың жыл сайын қабылдануын қамтамасыз ету қажет, бұл ретте Бағдарлама басымдықтарының сәйкестігі және нақты қажеттілігі қағидаттарында құрылатын ұлттық стандарттарды іріктеу қағидаты қайта қаралатын болады. Ол үшін техникалық реттеу және метрология жөніндегі уәкілетті орган индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институтымен бірлесіп, шығарылатын, тұтынылатын, импортталатын және экспортталатын өнеркәсіптік өнім номенклатурасына жыл сайын талдау жүргізетін болады, оның қорытындысы бойынша бірінші кезекте әзірлеу/өзектілендіру, халықаралық стандарттармен үндестіру қажет болатын стандарттардың тізбесі айналатын

б о л а д ы .

Бұл талдау өнімнің қауіпсіздігімен тікелей байланысты, жеке сектор үшін рентабельді емес салалардағы сынақ зертханаларын жабдықтау үшін бюджеттік қаржыландыруды пайдалану туралы мәселені шешу кезінде де пайдаланылатын болады.

Казақстан ЕАЭО техникалық регламенттерін және олардың дәлел базасын – мемлекетаралық стандарттарды, оның ішінде халықаралық талаптармен үндестірілген халықаралық стандарттарды әзірлеу процестеріне қатысуын жандандыратын болады.

Казақстанның позициясын халықаралық және өңірлік деңгейлерде сақтау және күшету үшін техникалық сарапшылардың қатысуымен халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттарды әзірлеуге байланысты жұмыстарды жүргізуді, сондай-ақ сарапшыларға олардың халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) техникалық комитеттерге қатысуға жұмсалған шығындарының бөлігін өтеуді субсидиялау тетігін пайдалану мүмкіндігі қаралады.

Техникалық реттеу, метрология және менеджмент жүйесі саласында қызметкерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүзеге асырылады.

Ғылымды қажет ететін жаңа технологиялардың қарқынды енгізілуіне байланысты эталондардың өлшеу және калибрлеу мүмкіндіктерін озық дамыту қажетті талап б о л м а қ .

Бұл үшін мемлекеттік эталондарды және эталондық құрылғыны жаңғырту жүзеге асырылады, метрологиялық инфрақұрылымды дамыту бойынша жұмыс жүргізіледі.

#### 8. Білікті кадрлармен қамтамасыз ету

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясат, ең алдымен, экономиканы әртараптандыру және индустрияландыру бойынша қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттерге бағытталатын болады, сондай-ақ экономиканың өндеуші салаларының сұраныстарына

сәйкес

құрылады.

Өндеуші секторды білікті кадрлармен қамтамасыз ету кадрлар даярлау сапасын жақсарту арқылы жүзеге асырылатын болады. Аталған міндетті шешуге оқыту жүйесі мен оку бағдарламаларын жетілдіру, жоғары оку орындары мен техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТжКБ) ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жергілікті бюджет есебінен жетілдіру, ТжКБ ұйымдарында сенімгерлік басқару тетігін енгізу арқылы қол жеткізілетін болады.

Нарық тетігін ескере отырып, уақтылы болжамдау экономика қажеттіліктерін барынша толық қамтамасыз етеді, бұл еңбек ресурстарының тендеріміне алып келеді. Аталған жұмыс «Атамекен» ҰКП-ның белсенді қатысуымен жүзеге асырылатын

б о л а д ы .

Өндеуші секторды білікті мамандармен қамтамасыз ету мақсатында «өмір бойы оку» қағидатына және даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру жүйесіне негізделген тиімді кадрлық менеджмент енгізілетін болады. Аталған шара білім беру ұйымдарының экономиканың өндеуші секторының субъектлерімен өзара тығыз іс-қимылын

көздейді.

Өндеуші секторды білікті кадрлармен қамтамасыз ету жаңа білім беру бағдарламаларына өту жолымен білім беру сапасын арттыру, техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім беру деңгейлеріндегі жүйелі өзгерістер арқылы жүзеге асырылатын болады. Базалық жоғары оку орындары Бағдарламаның салалары мен басымдықтарын өзектілендіруді ескере отырып, білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын жаңартатын болады. Бұл өндірістің инновациялық технологияларын сипаттайтын заманауи технологиялардың негізгі міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін құзыреттер беретін жаңа пәндерді қосуды көздейді. Білім беру бағдарламалары басқару дағдыларын қалыптастыратын тәжірибеге бағытталған сипатта болады, бұл мамандарға экономиканы әртараптандыруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте жоғары оку орындары және ТжКБ ұйымдары үшін білім беру бағдарламалары мен кәсіптік стандарттар әзірлеуге жұмыс берушілер т а р т ы л а т ы н

б о л а д ы .

Алдағы уақытта Бағдарламаның басым салаларының қажеттіліктеріне бағытталған магистратураның жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеудің және енгізудің он тәжірибесі бакалавриат бағдарламасына кезең-кезеңімен таратылатын болады.

Кадрлар даярлаудың нәтижелілігі, біріншіден, атаулы оқыту жүйесі, яғни,

студенттерді нақты кәсіпорындарда кәсіптік практикан бір мезгілде өткізе отырып оқыту арқылы; екіншіден, кәсіптік стандарттар негізінде білім беру бағдарламаларын өзірлеу арқылы, бұл студенттердің негізгі құзыреттерді алуын болжайды; үшіншіден, кәсіпорындардың білім беру бағдарламалары мен оку жоспарларының сапасын сараптамалық бағалауы арқылы; төртіншіден, өндіріс мамандарын оку процесіне белсенді түрде тарту арқылы; бесіншіден, базалық жоғары оку орындары өткізетін ғылыми зерттеулердің кәсіпорындар қойған нақты технологиялық міндеттерге қайта бағыттау және осы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін оқытылатын пәндер мазмұнына қосу арқылы кәсіпорын қызметіне озық ғылыми нәтижелерді енгізу үшін мүмкіндіктерді қалыптастыра отырып қамтамасыз етілетін болады.

2017 жылдан бастап бейіндік магистратураны үміткердің оку үшін жоғары оку орнын таңдау құқығына негізделген нарықтық моделіне көшіре отырып, оған қабылдау тетігі жетілдіреді.

Базалық жоғары оку орындары мен колледждер кәсіпорындармен бірлесіп, жаңа білім беру бағдарламаларын енгізуінде жинақталған тәжірибесін негізгі мамандықтарға ілеспе басқа мамандықтарға ауыстыра отырып, туындастырын қажеттіліктерге байланысты кадрлар даярлау бағытын кеңейтетін болады.

Кәсіптік магистратурада мамандар даярлауға басымдық беріледі, бұл экономиканың жоғары білікті мамандарға қажеттілігін барынша қысқа мерзімде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Экономиканы әртараптандыру базалық жоғары оку орындарының қолданбалы зерттеулер жүргізуі негізінде Бағдарлама шеңберінде жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістер құру арқылы қамтамасыз етілетін болады. Бұл базалық жоғары оку орындарының ғылыми жобаларын коммерцияландыру тетігін, оның ішінде МЖӘ есебінен өзірлеуді көздейді. Өндеуші секторда ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыру үшін жағдайлар жасалатын болады.

Ресурстар зерттеу құнының кемінде 25 %-ы көлемінде кәсіпорын тарапынан міндетті қоса қаржыландыру шартымен конкурстық негізде бөлінетін болады.

Өндеуші сектордың орнықтылығы, оның бәсекеге қабілеттілігі, инновациялық технологиялар мен технологиялық процестерге уақтылы өту кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың қалыптасқан жүйесімен қамтамасыз етілетін болады. Осы мақсатта екіжақты тәсілге негізделетін, заманауи технологиялық процестер үшін қажетті жаңа құзыреттерді сипаттайтын кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламалары өзірленетін болады. Бір жағынан, кәсіпорындар мамандарының біліктілігін арттыру және қайта даярлау жоғары оку орындарының базасында жүзеге асырылады. Екінші жағынан, профессор-оқытушылар құрамының практикалық дағдыларын өзектілендіру және технологиялық процестерді тереңірек түсінуі мақсатында профессор-оқытушылар құрамы үшін Бағдарламаның басым салаларындағы озық кәсіпорындар базасында тағылымдамалардан өту жағдайлары

Бұдан басқа, профессор-оқытушылар құрамының, кәсіпорындар жұмыскерлерінің және оқытушылардың көптілділік даярлығын арттыру бойынша шаралар қабылданады.

Жоғары оқу орындары мен ТжКБ ұйымдарының профессор-оқытушыларының құрамы кезең-кезеңімен әріптес кәсіпорындарда практикан өтеді.

Сонымен қатар, тәжірибе алмасуды қамтамасыз ету және біліктілікті арттыру мақсатында жоғары оқу орындары мен ТжКБ ұйымдарының шетелдік әріптерімен студенттер алмасу жүзеге асырылатын болады.

**9. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру**

Экономика салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

Халықаралық деңгейде танылған энергия сервисі шарттарының тетігі арқылы энергия үнемдеу саласына стратегиялық инвесторларды тарту жөнінде жұмыс жүргізіледі, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы жобаларды қаржыландыру тетіктері құрылады.

**5.3. Өндеуші секторды қолдаудың атаулы шаралары**

Индустриялық кәсіпкерлікті ынталандыруға бағытталған атаулы көмек шаралары секторлардың басымдығына байланысты сегменттеледі, қолданыстағы өндіріс жұмыс істейді немесе мемлекеттік қолдауға үміт артқан жаңа жобалар жұмыс істейтін болады.

Мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну үшін жобаларды іріктеу кезінде түйінді өлшемшарттар еңбек өнімділігін арттыру және өнделген тауарларды өткізу үшін нарықтарды кенеяту болады.

1. 1-ші деңгейдегі қолдау шаралары Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына 1-қосымшада көрсетілген өндеуші өнеркәсіптің барлық секторларын және қажет болған жағдайда өнімді көрсетілетін қызметтердің аралас түрлерін (ақпараттық коммуникациялар, ғарыш қызметі, инжинириング, ғылыми зерттеулер, геологиялық барлау және т.б.) қолдауға бағытталған және негізінен, еңбек өнімділігін ынталандыруға әрі дайын өнімдердің жаңа нарығын игеруге байланысты.

Өндеуші өнеркәсіптегі кәсіпкерлік субъектілерін одан әрі қолдау өнім экспорттын ілгерілету, еңбек өнімділігін арттыруды ынталандыру, сервистік және ақпараттық-талдамалық көрсетілетін қызметтер, қарыздарды субсидиялау, «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірынғай бағдарламасын іске асыру арқылы жалғасатын болады.

2. 2-ші деңгейдегі қолдау шаралары Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына 2-қосымшада көрсетілген, ішкі және өнірлік нарықтарда бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету үшін алғышарттардың болуы ескеріле отырып іріктелген өндеуші өнеркәсіптің 14 басым секторын қолдауға бағытталған.

Осы секторлар үшін 1-ші деңгейдегі қолдау шараларынан басқа мынадай құралдар  
қ о л д а н ы л а т ы н б о л а д ы :

- 1) инвестициялық преференциялар беру;
- 2) ЕДБ арқылы шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілерінің айналым қаражаты мен жаңа жобаларын қаржыландыру;

3) ЕДБ, Қазақстан Даму банкі және лизингтік қызметті жүзеге асыратын өзге де заңды тұлғалар жеке кәсіпкерлік субъектілеріне беретін кредиттер мен жасалатын лизингтік мәмілелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ЕДБ, ұлттық даму институттары және өзге де заңды тұлғалар арқылы кредиттеуді үйымдастыру;

5) микроқаржыландыру үйымдары жеке кәсіпкерлік субъектілеріне беретін микрокредиттердің сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау.

3. 3-ші деңгейдегі қолдау шаралары экспорттық нарықтарға шығудың ең жоғары әлеуетін ескере отырып іріктелген мынадай басым сектордағы жобаларды қолдауға  
б а ғ ы т т а л ғ а н :

- 1) қара металлургия;
- 2) түсті металлургия;
- 3) агротехника;
- 4) мұнай өндіреу;
- 5) мұнай-газ химиясы;
- 6) автомобилдер өндірісі;
- 7) азық-тұлік өнімдерінің өндірісі;
- 8) электр жабдықтарының өндірісі.

Бұл секторларды дамыту үшін мына міндеттер түйінді болып табылады.

Қара металлургияда: еңбек өнімділігін және өндірістің экологиялығының арттыру мақсатында дәстүрлі өндірістерді қайта құрылымдау және жаңғырту; шетелдік инвесторларды тарту және жоғары қосындыланған болат, қосылған құны жоғары өнімдер, ішкі қажеттілікті және әлемдік болат құю өнеркәсібі үшін дәстүрлі және кешенді ферроқорытпалар өндірісі бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру; пішінді илектика (швейлерлер, арқалықтар, бұрыштамалар, рельстер), метиздердің (сымдар, сым арқандар, тростар), жалпақ илектика (тот баспайтын, электролиттік, гальваникалық жабыны бар) дайын өнімдерін шығаратын жұмыс істеп тұрган өндірістерді одан әрі дамыту; шағын тонналы өндірістерді дамыту; ГЭТКЖ жандандыру, оның ішінде металлургия саласындағы серпінді технологиялар мен озық өнімдерді игеру мақсатында МЖӘ негізінде «Шығыс Қазақстан облысындағы металлургия орталығы» тәжірибелік-эксперименттік кешенін құру арқылы (жоғары сапалы, беріктігі жоғары, тоттануға қарсы және басқа да болат, 3D басуға арналған ұнтақты металлургия) жандандыру.

Түсті металлургияда: шетелдік инвесторларды тарту және мыс, алюминий, титан

өндіруді одан әрі кеңейтуді, қорғасын, мырыш, никель және басқа да базалық металдар өндірісі үшін жаңа кен орындарын игеруді, сондай-ақ дайын бұйымдар мен қосылған құны жоғары өнімдер (мыс құбырлар, мыс таптағыш, алюминий табақтар және т.б.) өндіруді үйімдастыруды көздейтін инвестициялық жобаларды іске асыру; ілеспе металдарды, оның ішінде жерде сирек кездесетін металдар мен сирек кездесетін металдарды шығара отырып, шикізатты кешенді өңдеу; еңбек өнімділігін және экологиялықты арттыру мақсатында жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыру; қосылған құны жоғары өндірістер құру бойынша жетекші шетелдік компаниялармен әріптестік (жаһандық ТҚҚ шеңберіндегі коопeração); озық өнімдер мен серпінді технологияларды игеру мақсатында F3TKJ (3D басуға арналған ұнтақты металлургия) жаңадандыру.

Агрохимияда: тыңайтқыштар өндірісі бойынша өңірлік хаб құру; отандық тыңайтқыштардың әрекет етуінің пайдалылығы мен функционалдық сипаттамаларын әлемдік көшбасшы өндірушілердің тыңайтқыштары деңгейіне дейін жоғарылату; шетелдік инвесторларды тарту және калий мен курделі минералды тыңайтқыштар өндірісі бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру; өнім топтарын әртараптандыруға және еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғыру; тыңайтқыштарды зияткерлік енгізу практикасын дамыту, бұл минералдық тыңайтқыштарды халықаралық тәжірибеге сәйкес пайдалану тиімділігін арттырады; агроенеркәсіпті химияландыруды ынталандыру; озық агрохимиялық технологияларды игеру мақсатында F3TKJ-ны жандандыру.

Мұнай өңдеуде: K4, K5 экологиялық сыныпты мотор отындарын шығара отырып, отандық мұнай өңдеу зауыттарын (бұдан әрі – МӨЗ) (Атырау МӨЗ, Шымкент МӨЗ және Павлодар мұнай-химия зауыты) жаңғыру жобаларын аяқтау.

Мұнай-газ химиясында: полипропилен өндіретін зауыттың және «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА инфрақұрылымының қажетті объектілерінің құрылышын аяқтау; мұнай-газ химиясы өндірісін үйімдастыру үшін ірі инвесторларды тарту, кәсіптік кадрлармен және техникалық персоналмен қамтамасыз етү.

Автомобиль өндірісінде: толық циклді зауыт салу (дәнекерлеу, бояу, автоқұрауыштар); индустрияландырудың үшінші кезеңінің соңына қарай автомобильдер өндірісінің көлемін кемінде 200 мыңға дейін ұлғайту; автомобильдер экспортын өндіріс көлемінен кемінде 40 %-ға арттыру; 2018 жылға қарай 50 % оқшауландыруға қол жеткізу және құрауыштар базасы мен қосалқы бөлшектер (бамперлер, тығыздығыштар, бензин бактары, газ шығару жүйелері, электрлік бұраулар және басқалары) өндірісін дамыту; құрауыштар базасының отандық өндірушілерінің бәсекеге қабілеттілігін күшету мақсатында F3TKJ жандандыру.

Азық-түлік өнімдерінің өндірісінде: шетелдік инвесторларды тарту және қосылған құны жоғары азық-түлік өнімдерін өндіру бойынша инвестиациялық жобаларды іске

асыру; сауда-логистикалық инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде көтерме-тарату орталықтарын салу; экспорттық стратегияны әзірлеу; тамақтану мәдениетін, оның ішінде теңгерімді дұрыс тамақтануды насыхаттау және халықтың табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуын қамтамасыз ету арқылы қалыптастыру; ұлттық брендтер жасау және ілгерілету, ҒЗТКЖ-ға бизнесті тарту.

Электр жабдықтарының өндірісінде: халықаралық сапа стандарттарына сәйкес қолданыстағы өндірістік қуаттарды жаңғырту; шетелдік инвесторларды тарту және қосалқы электр станциялары, жарық диодты бұйымдар, сыйымды трансформаторлар, қуаты жоғары конденсаторлар, тарату құрылғылары және электр техникалық жабдықтарға және басқа да өнімдерге арналған жиынтықтауыштар өндірісі бойынша жобаларды іске асыру; шығындарды азайту және еңбек өнімділігін арттыру мақсатында жаңа басқару технологияларын енгізу; бәсекеге қабілеттілікті арттыру және инновациялық өнімдер өндіру мақсатында ҒЗТКЖ-ны жандандыру.

Аталған секторлар үшін 1-ші және 2-ші деңгейдегі қолдау түрлерінен басқа, мынадай құралдар қолданылатын болады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ЕДБ, ұлттық даму институттары және басқа да заңды тұлғалар арқылы кредиттеуді ұйымдастыру;
- 2) жарғылық капиталдарға инвестицияларды жүзеге асыру;
- 3) қарыздар бойынша кепілгерлік және кепілдік міндеттемелер беру.

Бұдан басқа, квазимемлекеттік компаниялар жобаларды қаржыландыруға тартатын қарыздар бойынша валюта тәуекелдерін хеджирлеу құралдарын қолдану мүмкіндігі қаралатын болады.

Жұмыс істеп тұрған өндірісті қолдау олардың өнімнің өзіндік құнын төмендетуге, еңбек өнімділігін арттыруға, ресурс тиімділігіне және кейіннен ішкі және сыртқы нарықтарға белсенді түрде шығару үшін өндірілетін өнімнің номенклатурасын кеңейтуге бағытталған өндірісті жаңғырту және қайта құрылымдау бойынша іс-шаралар жүргізуі үшін ұсынылатын болады.

Мұндай жобалар іске асырылатын секторлар қара және түсті metallurgия, агрехимия, мұнай өндеу болады. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды, оның ішінде минералды тыңайтқыштар өндіру және мұнай өндеу кәсіпорындарын жаңғырту және реконструкциялау аяқталатын болады.

Мұндай жобаларды қолдау құралдары:

- 1) қолданыстағы салық заңнамасында көзделген салықтық және өзге де преференциялар;
- 2) индустримальық-инновациялық жобаларды іске асыруға қатысуға тарту мақсатымен әлеуетті шетелдік инвесторларды іздеу және олармен келіссөздер жүргізу болып табылады.

Бұдан басқа, жұмыстан босатылатын персоналды қайта оқыту және жұмысқа орналастыру міндеттін шешу үшін «Жұмыспен қамту жол картасы 2020» бағдарламасын

және өнірлерде іске асырылатын басқа да тиісті бағдарламаларды бейімдеу арқылы оларға жәрдем көрсетіледі, сондай-ақ экспорттық сауданы қаржыландыру, кредиттеу және сактандыру мүмкіндіктері қаралады.

Бұл ретте кәсіпорындарға қажетті инвестициялардың негізгі қолемін іздестіруді және тартуды жүзеге асыру, сондай-ақ еңбек өнімділігін арттыру, энергия тиімділігі, экспорт, өнімдердің жаңа түрлерін игеру өлшемшарттары бойынша Бағдарламада қойылатын талаптарды сактау жүктеледі.

Дамытылуы жаңа базалық индустрияны, мысалы, агрохимия, мұнай-газ химиясы сияқты секторларда немесе өнімнің жаңа шектерін игеру және/немесе өндірісті оқшауландырудың деңгейі жоғары және инженерлік-технологиялық құзыреттіліктерді (мысалы, автомобиль жасау, титан және мыс кіші секторлары және т.б.) біртіндеп арттыра отырып, толыққанды өндірістік кластерлерді құру қажет болатын секторларда мемлекеттің жаңа жобаларды қолдауы жүзеге асырылады.

Аталған секторларда жаңа ірі инвестициялық жобалар іске асырылатын болады.

Нәтижесінде қара және тұсті металдар, минералды тыңайтқыштар өндірісі, мұнай-газ химиясы, машина жасау секторлары, сондай-ақ олармен сабактас өндірістер дамиды, бұл өнімділігі жоғары жаңа базалық индустрияны дамытуға күшті серпін береді.

Мұндай жобаларды қолдау құралдары:

1) қолданыстағы салық заңнамасында көзделген және Қазақстан экономикасының өндеуші секторының инвестиациялық тартымдылығын арттыруға бағытталған салықтың және өзге де преференциялар;

2) инвестиациялық субсидиялар беру;

3) индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыруға қатысуға тарту мақсатында әлеуетті шетелдік инвесторларды іздеуді жүзеге асыру және келіссөздер жүргізу;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ЕДБ, ұлттық даму институттары және басқа да заңды тұлғалар арқылы кредиттеуді үйімдастыру;

5) жер участкерін және жер қойнауын пайдалану құқығын беру болып табылады.

Жобаны іске асырудың бастапқы кезеңінде бәсекеге қабілеттілік факторларын іске асыру үшін қажетті сапалы және қымбат емес көлік, энергетика, коммуналдық және газ инфрақұрылымына қол жеткізуді қамтамасыз ету мәселесі пысықталатын болады.

Жұмыс істеп тұрған өндірістер мен жаңа жобалар үшін қолдаудың барлық түрлері жариялыштық, ашықтық, экономикалық орындылық қағидаттарында ұсынылады.

Индустриялық-инновациялық жүйені мониторингтеу мақсатында республикалық деңгейде Индустріяландыру картасына:

1) өндеуші өнеркәсіптің 14 басым секторында іске асырылатын;

2) салалық мемлекеттік орган оң қорытынды берген және Өнеркәсіпті дамыту жөніндегі комиссия отырысында мақұлданған;

3) құны 4,5 млрд. тенгеден асатын;

4) еңбек өнімділігін арттыру және дайын өнімнің жаңа нарықтарын игеру бойынша Бағдарламаның нысаналы индикаторларына қол жеткізу арқылы Бағдарлама нәтижесіне тікелей ықпал ететін ірі жобалар енгізілетін болады.

Қазақстан Республикасын өнеркәсіптік дамыту жөніндегі комиссия мемлекеттік қолдау шараларына қосу, алып тастау, ұсыну, сондай-ақ республикалық Индустрящандыру картасының негізгі параметрлерін өзгерту бойынша ұсыныстарды әзірлеуді.

Индустрящандыру картасының жобалары бойынша жалпы үйлестіру жобаларды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдармен бірге индустрящалық-инновациялық қызметті қолдау саласындағы уәкілетті органға бекітіледі.

Өнірлер деңгейіндегі индустрящандыру картасының жобаларын мемлекеттік қолдаудағы жергілікті атқарушы органдардың рөлі.

Өнірлер деңгейінде индустрящалық-инновациялық жүйенің мониторинг құралы Өнірлік кәсіпкерлікті қолдау картасы (өнірлік карта) болып табылады, ол өнірдің экономикалық мамандануына сәйкес келетін және Бағдарламаның шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын алған өндеуші өнеркәсіп секторларында индустрящалық-инновациялық қызмет субъектілері іске асыратын жобалар тізбесін қамтиды.

Мемлекеттік қолдау құралдарының тиісті операторлары жергілікті атқарушы органдарға тоқсанына кемінде бір рет индустрящалық-инновациялық қызметті қолдау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша көрсетілген қолдау шаралары тұрағы ақпаратты ұсынады.

Өнірлік картаның жобалары бойынша жалпы үйлестіру мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну операторларымен, жергілікті уәкілетті органдармен және «Атамекен» ҰКП-мен бірге өнірлік даму саласындағы уәкілетті органға бекітіледі.

Мемлекеттік органдар, ұлттық басқарушы холдингтер, даму институттары ұсынатын мемлекеттік қолдаудың барлық құралдары 2016 жылдың соңына дейін Бағдарламада қойылатын талаптар ескеріле отырып түзетіледі.

Индустрящалық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган өндеуші сектор кәсіпорындарына көрсетілетін қолдау құралдарын қайта қарайды, оларды ұсыну осы Бағдарламаның міндеттері мен өлшемшарттарына тікелей байланысты болады. Даму институттары мемлекеттік қолдауды ұсыну үшін жаңа жобаларды іріктеуді техникалық реттеу мен метрология және ішкі нарықта отандық өндірушілерді қолдау жөнінде талаптарға сәйкестігін ескере отырып, тиісті қағидалар мен регламенттер негізінде жүзеге асыратын болады.

Жаңа жобалардың бастамашылары, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектілері стратегиялық әріптесті, қажетті инвестициялардың негізгі көлемін іздеуді және тартуды өздеріне алады, сондай-ақ еңбек өнімділігі, энергия тиімділігі, экспорт,

өнімдердің жаңа түрлерін игеру өлшемшарттары бойынша қойылатын талаптарға қол жеткізуге міндettенеді. Мемлекеттің және квазимемлекеттік сектордың жобаға қатысуының міндettі шарты одан шығудың нақты жоспарының болуы болып табады.

Мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуды оңтайландыру мәселесі қаралатын және іске асырылатын инвестициялық жобалар үшін заңнаманың тұрақтылығы қамтамасыз етілетін болады.

Отандық өнімге сұранысты ынталандырудың жаңа құралдары, оның ішінде экономиканың басым секторларының кәсіпорындарында өндірілген өнімдерді сатып алушыларға женілдікпен кредит беру, сондай-ақ факторингтік мәмілелер әзірленетін болады. Аталған бағыт бойынша жұмыс даму институттары, қаржы ұйымдары және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқа да заңды тұлғалары арқылы жүзеге асырылатын болады.

Бұдан басқа, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ «Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары – ұлттық чемпиондар» бағыты шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында да, өңірлік және халықаралық деңгейлерде де экономиканың шикізат емес салаларында перспективті көшбасшы бола алатын неғұрлым бәсекеге қабілетті компанияларды қолдауды жүзеге асыратын болады. «Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары – ұлттық чемпиондар» бағыты ұзақ мерзімді болып табылады және қатысушы компанияларға кешенді қолдау көрсетуді болжайды.

#### 5.4 Бағдарламаны іске асыру тетігі, басқару және мониторингтеу

1. Бағдарламаны іске асыру тетіктері

Бағдарламаны іске асыру тиімділігін арттыру үшін Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) қабылданады.

Аталған құжатта объективті сандық талдауга және ірі жобалардың бар болуына негізделген өндеуші өнеркәсіптің және өңірлердің басым және өзге де секторлары бөлінісінде нақты нысаналы индикаторлар көрсетілетін болады.

2. Бағдарламаны іске асыруды басқару

Бағдарламаны іске асыруды басқару үшін оны іске асыруға, мониторингтеуге және қаржыландыруға негізгі қатысушылардың арасында институционалдық тетіктер мен жауапкершілікті нақты бөлу бекітілген.

Қазақстан Республикасының Үкіметімен, орталық және жергілікті басқару органдарымен, ұлттық басқарушы холдингтермен және институттарымен қатар «Атамекен» ҰКП Бағдарламаны іске асыруға арналған құжаттарды, оның ішінде ауماқтық кластерлерді дамыту мәселелері бойынша құжаттарды талқылауға және әзірлеуге белсенди қатысады.

Бағдарламаны іске асыруды ақпараттық-талдамалық сүйемелдеу, оның ішінде кәсіпкерлердің бизнес-шешімдерді қабылдауы үшін ақпарат көзі ретінде Басым тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бірыңғай картасын әзірлеу және өзектілендіру арқылы жақсартылатын болады, сондай-ақ ұлттық технологиялық болжау

институтының шетелдік ғылым мен техника жетістіктерін зерттеудегі, әлемдік технологиялық трендтерді мониторингтеудегі, арнайы материалдар негізінде қосалқы мақсаттағы технологиялар трансфертіндегі рөлі күшейтілетін болады.

ЭҮДҰ үздік тәжірибесі негізінде Бағдарламаның нысаналы индикаторлары мен көрсеткіштеріне қол жеткізуі мониторингтеу және бағалау сапасын арттыру үшін статистикалық әдіснаманы және ақпаратты жетілдіру бойынша шаралар қабылданады, сондай-ақ барлық мұдделі пайдаланушыларды статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру үшін тиісті нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу мүмкіндігі қаралатын болады.

Казақстан Республикасын өнеркәсіптік дамыту саласындағы ұсыныстарды әзірлеу мақсатында құрылған Қазақстан Республикасын өнеркәсіптік дамыту жөніндегі комиссияға мәнзызды рөл беріледі.

Бағдарламаны іске асыру барысында индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институтының базасында қызметтің негізгі бағыттары бойынша жұмыс жүргізу көзделген: өнірлерді индустриялық-инновациялық дамытуды, салалық және интеграциялық аспекттерді қоса алғанда, экономиканың басым секторларын дамыту саласында ақпараттық-талдамалық және консультациялық көрсетілетін қызметтер; мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалардан алынған статистикалық ақпарат пен деректерге талдау жүргізуі, сондай-ақ ұсыныстар мен сараптамалық қорытындыларды әзірлеуді көздейтін Бағдарламаны басқару бойынша көрсетілетін қызметтер; Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы өнеркәсіптік даму саласындағы консультациялық-кеңесші орган қызметін талдамалық және сараптамалық қамтамасыз ету; еңбек өнімділігін арттыруға, өнім берушілер жүйесін дамытуға және жаһандық салалық тізбектерге ықпалдастыруға, аумақтық кластерлерді дамытуды және процестерді сүйемелдеуге бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын дамыту; 2016 жылы – еңбек өнімділігін арттыру және 2017 жылы өнделген өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторларын зерттеу жүргізілетін болады, бұл ретте осы факторлардың өзгерістерін талдау жыл сайын жүзеге асырылатын болады.

Еңбек өнімділігін ұлғайту және өнделген өнімді өткізу үшін нарықты кеңейту даму институттарының атаулы қолдау шараларын ұсыну кезіндегі түйінді өлшемшарттар болып табылады. Даму институттары көрсететін барлық атаулы қолдау шаралары осы өлшемшарттарға сәйкес келтірілуге тиіс. Бұл ретте, даму институттары өлшемшарттардың барлық өзгерістерін индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институтының сараптамалық қорытындысы негізінде индустриялық-инновациялық қызметті қолдау саласындағы уәкілетті органмен міндетті түрде келісуге тиіс.

Индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институты егжей-тегжейлі есептер негізінде, оның ішінде Мемлекет басшысының «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған өнеркәсіптік даму міндеттерін іске асыру қажеттілігін ескере отырып, басым секторлар

мен өнірлер бөлінісінде Бағдарламаның түйінді нысаналы индикаторларының (инвестицияларды тарту, экспортты ұлғайту және еңбек өнімділігін арттыру бойынша) нақты декомпозициясы жүзеге асырылатын болады.

Аталған жұмыс нәтижелері Бағдарламаны іске асыруға тартылған әрбір салалық және жергілікті мемлекеттік орган үшін қысқа, орта және ұзақ мерзімді перспективаларға арналған нақты міндеттерді айқындау бөлігінде индустриялық-инновациялық даму және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдарың жұмысына негіз болады.

Декомпозиция қорытындылары бойынша алынған жоспарлы мәндер жауапты мемлекеттік органдарға, ұлттық басқарушы холдингтерге және даму институттарына бекітілестін болады.

2016 жылдың соңына дейін мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, ұлттық басқарушы холдингтер мен компаниялар негізгі нысаналы индикаторлар декомпозициясын ескере отырып, өздерінің стратегиялық жоспарларын, аумақтарды дамыту бағдарламалары мен стратегияларды түзетуі, өз құзыреттері шеңберінде нарықтарды кеңейту және кедергілерді алып тастау арқылы салалар мен кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік жасауды тиіс.

Бағдарламаны іске асыруды бақылау және бағалау мақсатында индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен тиісті іс-шаралар өткізу арқылы аралық қорытындылар жасайтын болады.

Өнірлерде индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган тиісті әдістеме негізінде ағымдағы үрдістер мен проблемалық мәселелерді уақытылы айқындауга, оларды шешу жолдарын белгілеуге, сондай-ақ өнірлердің индустриялық-инновациялық саясатын жетілдіру бойынша ұсынымдар өзірлеуге мүмкіндік беретін, өнірлердің индустриялық-инновациялық дамуын тұрақты мониторингтеу мен талдауын жүзеге асырады.

«Атамекен» ҰКП, бизнес-қауымдастықтар, тәуелсіз сарапшылар Бағдарламаның тиімділігін тәуелсіз бағалауды жүргізетін болады.

Бағалау міндеттерінің сипаттамасын, әдіснамасын, талдауды, қорытындылар мен ұсынымдарды қамтитын жыл сайынғы жария есеп тәуелсіз бағалау нәтижесі болады.

Бұдан басқа, ЭЫДҰ әдіснамалық тәсілдерінің негізінде Бағдарламаны жекелеген міндеттер, іс-шаралар бойынша немесе қажет болған жағдайда, кешенді бағалауға беделді халықаралық сарапшыларды және консалтингтік ұйымдарды тұрақты негізде тарту мәселесі қаралады.

## 6 . Қ а ж е т т і р е с у р с т а р

Бағдарламаны табысты іске асыру үшін мемлекеттің және жеке сектордың қаржы ресурстары шоғырланырылатын болады, бұл ретте мемлекет жеке инвестициялардың келуі және кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін ұлғайту үшін жағдай жасайтын

қолдау шараларын қаржылық қамтамасыз етуге назар аударады.

Қойылған мақсаттарға және индикаторларға қол жеткізу үшін өндешілік өнеркәсіптің негізгі капиталына инвестициялардың болжалды қажеттіліктері шамамен 4,5 трлн. теңгені құрайды. Бұл ретте, 2010 – 2014 жылдары қол жеткізілген 5-ке 1 деңгейіндегі негізгі капиталға инвестицияларға қатысты өндешілік секторды қолдауға тікелей бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын қаржыландырудың тарихи паритетін ескере отырып, Бағдарламаны бюджеттік қаржыландыру қажеттілігі 5 жыл ішінде шамамен 0,9 трлн. теңгені құрайды.

Бағдарламада көзделген іс-шараларды мемлекеттік қаржыландыру көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына нақтыланатын болады.

Қазақстан

и н д у с т р и я л ы қ -

и н н о в а ц и я л ы қ

2 0 1 5

-

2 0 1 9

д а м ы т у д ы н

а р н а л ғ а н

ж ы л д а р ғ а

м е м л е к е т т і к

б а ғ д а р л а м а с ы н а

1-қосымша

Р е с п у б л и к а с ы н

## Өндешілік өнеркәсіп және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлері

10	Азық-тұлік өнімдерінің өндірісі
11.06	Уыт өндірісі
11.07	Минералды су және басқа да алкогольсіз сусындар өндірісі
13	Токыма бұйымдарының өндірісі
14	Киім-кешек өндірісі
15	Былғары және оған жататын өнімдер өндірісі
16	Жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарының өндірісі; сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдар өндірісі
17	Қағаз және қағаз өнімдерінің өндірісі
18	Жазылған материалдарды басып шығару және тыңдатып-көрсету
19	Кокс және мұнай өндешеу өнімдерінің өндірісі
20.	Химия өнеркәсібі өнімдерінің өндірісі
21	Негізгі фармацевтикалық өнімдер мен препараттар өндірісі
22	Резенке және пластмасса бұйымдары өндірісі
23	Өзге бейметалл минералды өнімдер өндірісі
24	Металлургия өнеркәсібі
25	Машиналар мен жабдықтардан басқа, дайын металл бұйымдарының өндірісі
26	Компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдер өндірісі
27	Электр жабдықтарының өндірісі
28	Басқа санаттарға енгізілген машиналар мен жабдықтар өндірісі
29	Автокөлік құралдарының, трейлерлер мен жартылай тіркемелер өндірісі

30	Өзге көлік құралдар өндірісі
31	Жиһаз өндірісі
32	Өзге дайын бүйымдар өндірісі
33	Машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату
38	Қалдықтарды жинау, өндеу және жою; қалдықтарды көдеге жарату
71.2	Техникалық сыйнектар және талдаулар
82.92	Бұып-тұю

Қазақстан

Республикасын

индустримальық -

дамытуздың

инновациялық

2019

жылдарға

арналған

мемлекеттік

бағдарламасына

2-қосымша

## Өндеуші өнеркәсіптің Бағдарлама шенберіндегі басым секторлары

Басым сектор	ЭКЖЖ коды	ЭКЖЖ кодына сәйкес қызмет түрлері
1. Кара metallurgия	1	3
	24.10	Шойын, болат және ферроқорытпалар өндірісі
	24.20	Болаттан жасалған құбырлар, құбыржолдар, кескіндер, фитингтер өндірісі
	24.31	Суықтай сым созу (болат шыбық пен тұтас дайындалмалар өндірісі)
	24.32	Таспалар мен енсіз жолақтарды суықтай жұқарту
	24.33	Суықтай пішіндеу немесе бұктеу
	24.34	Суықтай созу арқылы сым өндіру
	24.51	Шойын қую
	24.52	Болат қую
	24.41	Асыл (бағалы) металдар өндірісі
2. Тұсті metallurgия	24.42	Алюминий және оның негізінде алынатын қорытпалар өндірісі
	24.43	Корғасын, мырыш және қалай өндірісі
	24.44	Мыс өндірісі
	24.45	Өзге тұсті металдар өндірісі
	24.53	Женіл металдар қую
3. Мұнай өндеу	24.54	Өзге тұсті металдар қую
	19.20	Мұнай өндеу өнімдерінің өндірісі
4. Мұнай-газ химиясы	20.14	Өзге негізгі органикалық химиялық заттар өндірісі
	20.16	Пластмассаларды бастапқы қалпында өндіру
	20.17	Синтетикалық каучукті бастапқы қалпында өндіру
	10.11	Ет өндеу және консервілеу
	10.12	Үй құсының етін өндеу және консервілеу
	10.13	Еттен және үй құсының етінен жасалған өнімдер өндірісі

	10.20	Балыкты, шаян тәрізділер мен моллюскаларды өндіеу және консервілеу
	10.31	Картопты өндіеу және консервілеу
	10.32	Жеміс және кекөніс шырындарының өндірісі
5. Азық-түлік өнімдерінің өндірісі	10.39	Жемістер мен кекөністерді өндіудің және сақтаудың өзге түрлері
	10.41	Майлар мен тоң майлар өндірісі
	10.42	Маргарин мен ұқсас мал тоң майлар өндірісі
	10.51	Сүт өндіеу және ірімшік өндірісі
	10.61	Ұн-жарма өнеркәсібі өнімдер өндірісі
	10.62	Крахмал мен крахмалдан жасалған өнімдер өндірісі
	10.71	Нан өндірісі; ұннан жасалған жаңа пісірілген кондитерлік өнімдер, торттар мен тәтті тоқаштар өндірісі
	10.72	Кептірілген нан және печенье өндірісі; ұзак сақтауга арналған ұннан жасалған кондитерлік өнімдер, торттар, тәтті тоқаштар, бәлштер және бисквиттер өндіру
	10.73	Макарон өнімдерінің өндірісі
	10.81	Қант өндірісі
	10.82	Какао, шоколад және қантты кондитерлік өнімдер өндірісі
	10.83	Шай мен кофе өндіеу
	10.85	Дайындалған тағам өнімдері мен жартылай фабрикаттар өндірісі
	10.86	Балалар тағамы мен диеталық тағам өнімдерінің өндірісі
6. Агрохимия	20.15	Тыңайтқыштар және құрамында азоты бар қоспалар өндірісі
	20.20	Пестицидтер мен өзге агрохимиялық өнімдер өндірісі
7. Өнеркәсіпке арналған химикаттарды өндіру	20.11	Өнеркәсіптік газдар өндірісі
	20.12	Бояғыштар мен пигменттер өндірісі
	20.13	Негізгі бей органикалық қосылыстар өндірісі
	20.30	Бояулар, лактар мен ұқсас бояғыш заттар өндірісі
	20.41	Сабын және жуғыш, тазалағыш және жылтыратқыш заттар өндірісі
	20.51	Жарылғыш заттар өндірісі
	20.59	Өзге химиялық өнімдер өндірісі
8. Автомобилді жасау	29.10	Автокөлік құралдары өндірісі
	29.20	Автокөлік құралдарына, трейлерлер мен жартылай тіркемелерге арналған шанақтар өндірісі
	29.31	Автокөлік құралдарына арналған электр және электрондық жабдықтар өндірісі
	29.32	Автокөлік құралдары мен олардың қозғалтқыштарының өзге бөлшектері мен жабдықтар өндірісі
	30.99	Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге көлік құралдары мен жабдықтар өндірісі
	25.21	Орталықтан жылыту радиаторлары мен қазандықтар өндірісі
	25.29	Өзге металл цистерналар, резервуарлар мен контейнерлер өндірісі
	25.30	Орталықтан жылу қазандықтарынан басқа бу қазандықтары өндірісі
	27.11	Электр моторлары, генераторлар мен трансформаторлар өндірісі
	27.12	Электр тарату және реттеу аппаратурасы өндірісі

9. Электр техникалық машина жасау	27.20	Батареялар мен аккумуляторлар өндірісі
	27.31	Талшықты-оптикалық кабель өндірісі
	27.32	Электр сымы мен кабельдің өзге түрлерінің өндірісі
	27.33	Электр аспаптар өндірісі
	27.40	Электрмекен жарықтандыру жабдығының өндірісі
	27.90	Өзге электр жабдығы өндірісі
	28.11	Авиация, автомобиль және мотоцикл қозғалтқыштарынан басқа қозғалтқыштар мен турбиналар өндірісі
	28.25	Өнеркәсіптік тоқазыту және желдету жабдықтары өндірісі
10. Ауыл шаруашылығы машинасын жасау	28.30	Ауыл шаруашылығы техникасы өндірісі
11. Теміржол машинасын жасау	30.20	Теміржол техникасы өндірісі
12. Тау-кен машинасын жасау	28.91	Металлургияға арналған машиналар мен жабдықтар өндірісі
	28.92	Tau-кен өндіру өнеркәсібіне, жерасты әзірлемелер мен құрылышқа арналған техника өндірісі
13. Мұнай-газ машинасын жасау	28.12	Гидравликалық жабдықтар өндірісі
	28.13	Өзге сорғылар, компрессорлар, тығындар мен қақпақшалар өндірісі
	28.14	Өзге шұмектер мен вентильдер өндірісі
	28.29	Басқа топтамаларға енгізілмеген жалпы мақсаттағы өзге машиналар мен жабдықтар өндірісі
	28.99	Басқа топтамаларға енгізілмеген арнайы мақсаттағы өзге машиналар мен жабдықтар өндірісі
14. Құрылым материалдарының өндірісі	16.21	Шпон, фанера, жұқа тақтайлар мен панельдер өндірісі
	22.21	Пластмасса беттерін, шиналарға арналған камералар мен кескіндер өндірісі
	22.23	Пластикалық құрылым бұйымдары өндірісі
	23.11	Табақты шыны өндірісі
	23.12	Табақты шыныны қалыптастыру және өндідеу
	23.13	Куыс шыны бұйымдар өндірісі
	23.14	Шыны талшығы өндірісі
	23.19	Өзге шыны бұйымдарын өндіру және өндідеу
	23.20	Отқа төзімді бұйымдар өндірісі
	23.31	Керамика жабындары мен плиталар өндірісі
	23.32	Кірпіш, жабынқыш пен күйдірілген балшықтан жасалған өзге құрылым бұйымдар өндірісі
	23.42	Керамикалық гигиеналық сантехникалық жабдықтар өндірісі
	23.43	Керамика электр оқшаулағыштар мен оқшаулаушы арматура өндірісі
	23.49	Өзге керамика бұйымдары өндірісі
	23.51	Клинкерлерді қоса алғанда, цемент өндірісі
	23.52	Әк және құрылым гипс өндірісі
	23.61	Бетоннан жасалған құрылым бұйымдары өндірісі
	23.62	Құрылым мақсаттары үшін гипстен жасалған бұйымдар өндірісі
	23.63	Пайдалану үшін дайын бетон өндірісі
	23.64	Құрғақ бетон қоспалар өндірісі

23.65	Асбест-цементтен және талшықты цементтен жасалған бұйымдар өндірісі
23.69	Бетоннан, құрылым гипсі мен цементтен жасалған өзге бұйымдар өндірісі
23.70	Тасты кесу, өңдеу және әрлеу
23.99	Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге бейметалл минералды өнімдер өндірісі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК